

**Қарағанды облысының
білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған
жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін
қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ»
курсының бағдарламасы**

**Қарағанды облысында білім беруді дамытудың
оқу-әдістемелік орталығы**

**Қарағанды облысының
білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған
жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін
қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ»
курсының бағдарламасы**

УДК 373
ББК 74.26
П – 78

Құрастырушылар:

Кожаметова Гульсум Шабдановна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры;

Копбаева Гульмира Сабитовна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының орынбасары;

Абишева Галина Зекеновна, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері;

Мұхамеджан Құндыз Адамханқызы, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері;

Шапешотова Айгуль Тулегеновна, «ПДТ БАМИ» КММ педагогі;

Жолдыбекова Айнур Ермекбаевна, «№3 ДШБА ОАМИ» КММ педагогі.

П - Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында оқушыларға арналған жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» курсының бағдарламасы. Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2018. – 46б.

ISBN 978-601-7950-32-3

Бағдарлама «Қазақстан Республикасы мелекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесімен келісілген

«Адал ұрпақ» курсының бағдарламасы Қарағанды облысының білім беру ұйымдарында оқушылардың жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы білім беру ұйымдарында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына, сынып жетекшілеріне, интернаттық білім беру ұйымдарының, балалар үйлерінің тәрбиешілеріне арналған.

Берілген материалдар ұсыныстық сипатта.

УДК 373
ББК 74.26

ҚО ББД ОӘО әдістемелік кеңесі ұсынады
07.11.2018 ж. № 5 хаттама

ISBN 978-601-7950-32-3

Мазмұны

Түсінік хат	4
Тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері	6
Бағдарламадан күтілетін нәтижелер	8
Моралді және конвенционалды ойлаудың даму деңгейі	9
7-8 сынып оқушыларына арналған тақырыптық жоспар	11
9-сынып оқушыларына арналған тақырыптық жоспар	13
10-11 сынып оқушыларына арналған тақырыптық жоспар	15
Глоссарий	17
Нормативтік-құқықтық құжаттар	21
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	22
Пайдаланылған ғаламтор-ресурстар	22
Қосымшалар	23
1 – қосымша. Сыни ойлауды дамыту технологиясы	
2 – қосымша. Интерактивті оқыту технологиясы	
3 – қосымша. Сенімді жүріс-тұрыс ережелері	
4 – қосымша. «Әлеуметтік батылдық» әдістемесі	
5 – қосымша. Іс –тәжірибеден: жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері	

Түсінік хат

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылғандай, бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді. Және осы жағдайларда баса назар аударуды қажет ететіні білім берудің сапасы мен оның модернизациясы болуы тиіс.

Қазіргі замандағы қазақстандық мектептердегі тәрбиенің мазмұны – жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік қалыптастыру мақсатында оқушы жастардың барлық санаттарын қамтудың маңыздылығымен айқындалады. Мұндай жұмыстың қажетті тиімді шарты – оның жүйелілігі, үздіксіз және бірізді болуы. Оны білім беру процесінің барлық қатысушылары (оқушылар, мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен ата-аналар) мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста бола отырып жүзеге асыруы тиіс.

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының басым бағыттарын жүзеге асыру аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде білім беру ұйымдарының тәрбие жоспарларына енгізілген.

Жемқорлықпен күрес – бүкіл қоғамның және кез-келген азаматтың міндеті екендігін әрбір қазақстандық түсінуі тиіс. Сондықтан ерте жастан бастап баланың бойында Отанға деген сүйіспеншілік, білім мен еңбекке деген талпыныс, адамгершілік пен адалдық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек.

Бағдарламаның өзектілігі: оның оқушыларда азаматтық сәйкестік пен дүниетанымның қалыптасуына, моралдік нормалар, адамгершілік қағидалары, ұлттық құндылықтарды қабылдауды қарастыратын рухани-адамгершілік даму мен тәрбиеге бағытталған тәжірибелік маңыздылығында. Ұсынылған Бағдарламаның **Жаңашылдығы** Қарағанды облыс мектептерінің оқушыларына бағдарланған толыққанды алғашқы жұмыс болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты: оқушыларда жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін және санасын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриот және азамат қалыптастыруға; тұлғаның құқықтық және жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; жемқорлықтың туындауын қатаң түрде теріс бағалауды қарастыратын теориялық және тәжірибелік идеалдар мен нормалар жүйе ретінде түсінілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның дамуына ықпал ету.
2. Тұлғада рухани-адамгершілік және этикалық принциптердің қалыптасуына, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлеріне сай моралдік қасиеттері мен қағидаларының қалыптасуына ықпал ету.
3. Жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарды, әлеуметтік нормалар

тұрғысынан өзінің құқықтары мен міндеттерін ұғыну және саналы түсінуге ықпал ету.

4. Еңбек, тәжірибелік міндеттерді атқаруда оқушылардың белсенді өмірлік позицияда болуын дамыту, сенімді жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру, өз міндеттерін орындауда шығармашылық көзқарасты қалыптастыру.

Бағдарлама Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басым бағыттарына сәйкес дайындалды, оқушыларда мынадай маңызды құзіреттіліктердің қалыптасуына ықпал етеді: тұлғалық, ақпараттық, дербестік, танымдық-пәндік, азаматтық-құқықтық.

Бағдарлама 7 сағатқа есептелген және желтоқсан, наурыз айларын қоспағанда тәрбие жұмысының жылдық циклограммасына сәйкес жүзеге асырылады. Әрбір педагог Бағдарламаны жүзеге асыру барысында оқу материалдарын жүйелеуде өзіндік көзқарасын қолдануына болады, оқытудың реттілігін анықтауына, сонымен қатар білім, білік және іс-әрекет тәсілдерін, оқушылардың дамуы мен әлеуметтенуін қалыптастыру жолдарын өздігінше айқындауына болады.

Берілген Бағдарлама бойынша сабақ өткізу кезінде оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеру керек, тұлғаның дамуына және оның рухани мәдениеті тұрғысынан, әлеуметтік ақпаратты объективті қабылдауына мүмкіндік беретін әлеуметтік және сыни ойлауы тұрғысынан, сондай-ақ, әлеуметтік ролдердегі тәжірибелік іс-әрекет тұрғысынан да қарастыра отырып назар аударған жөн. Жемқорлыққа қарсы іс-шаралар белгілі бір білімдерді беріп қана қоймай, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыруға ықпал етуі тиіс, жемқорлықтан бойын аулақ салатындай әлеуметтік дағдылар мен коммуникациялық дағдыларды қалыптастыруы керек. Сабақ барысында тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формаларын қолдануға кеңес беріледі. Ресурс көзі ретінде әдебиеттерден, кинематографиядан, публицистикадан, поэзиядан мысалдар, оқушылардың өзіндік өмірлік көзқарастары туралы жеке шығармашылықтарын пайдалану ұсынылады.

Оқытудың ықпалдастық сипаттағы мазмұны оқу процесін пәнаралық байланыс негізінде құруды көздейді. «Адал ұрпақ» Бағдарламасы пәнаралық, ықпалдастық мазмұнында оқу пәндерінің аясын кеңейтеді: тарих, қоғамтану, құқықтану, экономика, география, әдебиет және басқа да пәндер.

Бағдарламаның міндеттері дәстүрлі бақылау формаларын қолдануды көздемейді. Оптималды бағалау оқушының шығармашылық іс-әрекетінің өнімі болады (күнделік, журнал жоба, синквейн, карикатура, эссе, коллаж және т.б.), оларды әрбір оқушының жетістігін бағалау үшін өз құрбыларының талқылауына ұсынады.

Қосымшада тәрбие жұмысының заманауи технологиялары мен тәсілдері; тұлғаның жемқорлыққа қарсы көзқарасының даму деңгейін зерттеу бойынша диагностикалық әдіс-тәсілдер; жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері ұсынылған.

Тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемелік негіздері

«Адал ұрпақ» жемқорлыққа қарсы ойлау жүйесін қалыптастыру бойынша курс Бағдарламасы келесі әдістемелік бағыттарға сүйенеді:

Құндылық (аксиологиялық) бағыт – адамзаттық сана мен адамның әлемге, адамзатқа, өз-өзіне рухани-адамгершілік ой-санасымен анықталатын жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтардың диалектикалық бірлігіне негізделуі.

Тұлғалық-бағдарланушы бағыт – өзара байланысты ұғымдар, идеялар мен іс-әрекет тәсілдер жүйесіне негізделу, өзіндік сана, өзіндік даму және тұлғалық өзіндік жетілдіру процестерін қолдау, тұлғаның ерекшеліктерін дамыту.

Іс-әрекеттік бағыт – баланың іс-әрекетін қалыптастыру бойынша арнайы жұмысты талап етеді, танымдық, еңбек және қарым-қатынас субъектісіне айналдырумен шұғылдана отырып, педагог оқушыларға мақсат қояды іс-әрекетін жоспарлауды, оны ұйымдастыру және реттеу, бақылау, өзіндік талдау және іс-әрекет нәтижелерін бағалауды үйретеді.

Күзiреттiлiк бағыт – тәрбие мақсатын анықтайтын жалпы қағидалар жиынтығының бірлігін ескеру, тәрбие процесін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бағалау, тұлғаның сәтті әлеуметтенуін қамтамасыз ететін күзiреттiлiктердi қалыптастыру.

Әлеуметтік бағыт – тұлғаның мақсат-міндеттеріне әлеуметтік ақиқаттың әсерін, осы ықпалдың адам мен қоғам үшін педагогикалық салдарын ескеру.

Жүйелік бағыт – объектіні оның құрамдас бөліктерінің жиынтығы және иерархиялық құрылымы бар деп қарастыруға келмейтін күрделі құрылым ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелік бағыт құрылымдық бөліктерді, олардың қызметтерін айқындап, қызметтік-иерархиялық байланыстарды, жүйе құраушы факторларды анықтап, сыртқы байланыстарды талдауды білдіреді.

Тұтастық бағыты – оқу тұлғасының интеллектуалды және рухани-адамгершілік даму бірлігін анықтайтын педагогикалық процестің мәнін білдіреді.

Ұсынылған Бағдарлама тәрбие процесінің келесі қағидаларын жүзеге асыруды мақсат тұтады:

Гуманистік бағыт қағидасы – педагогтің оқушыға өзіндік дамуына жауапты және дербес субъект ретінде жүйелі көзқарасы, адамгершілік көзқарас негізіндегі тәрбие процесінде оның өз тұлғасымен және ұжыммен өзара қарым-қатынас стратегиясы.

Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасы бойынша тәрбие ұлттық және әлемдік мәдениеттегі рухани-адамгершілік дәстүрлер мен нормаларға негізделуі тиіс.

Мәденилік қағидасы – тәрбие жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарға негізделі керек және жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениет нормаларына сәйкес құрылуы тиіс.

Үздіксіздік қағидасы – тұлғаның бүкіл өмірлік кезеңдерінде жан-жақты дамуы, оның шығармашылық мүмкіндігін байыту және барлық күш-қуаты мен қабілеттерін, кәсіби және жалпы мәдени өсуін неғұрлым барынша толық жүзеге асыру.

Табиғилық қағидасы – табиғаттың жалпы даму заңдылықтарының басымдылығы; табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысы; тәрбие жұмысында жыныстық және жас ерекшеліктерді ескеру.

Тұтастық қағидасы – оқу және сабақтан тыс іс-әрекеттің сабақтастығы қамтамасыз етіледі: оқу іс-әрекеті когнитивтік бөлігін қалыптастырады; сабақтан тыс іс-әрекетте жүріс-тұрыстың эмоционалды-құндылық бөлігі дамиды.

«Адал ұрпақ» Бағдарламасын жүзеге асырудың шарттары

1. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.
2. Әдістемелік қамтамасыз ету.
3. Ұйымдастырушылық-басқаруды қамтамасыз ету.
4. Материалды-техникалық қамтамасыз ету.
5. Психологиялық –педагогикалық қолдау.
6. Кадрлық қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие бойынша ақпарат алмасу мектептегі әлеуметтік тәрбиенің сол әдіс-тәсілдері болуы мүмкін: дәрістер, жазба құралдарындағы әр түрлі ақпараттарды (мақалалар, зерттеушілік есептер, тарихи құжаттар) талдау; құқық қорғау органдарының мамандарымен, мемлекеттік қызметкерлермен әңгімелесу; киноматериалдарды қарау және т.б. Жемқорлыққа қарсы тәрбиеде сыныпта немесе шағын топтарда пікірталас өткізу, жағдайларды талдау, оқушылардан сұхбат алу, дебаттар, рольдерді ойнау сияқты әдістер ерекше маңызды болып табылады. Барлық жағдайларда мұғалім оқытуға жетекшілік жасап, оны жандандырып отыруы тиіс, қарастыратын материалды түсінуде оқушыларға көмек көрсетіп отыруы керек. Сонымен қатар, әр түрлі заманауи педагогикалық әдістерді де қолдану қажет, мысалы ЖАҚБТ – Жаһандық ақпараттық қауымдастықта білім беру технологиясы (ТОГИС – Технология образования в глобальном информационном сообществе); сыни ойлауды дамыту технологиясы; жобалау іс-әрекеті технологиясы және интерактивті технологиялар.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер

Аталған Бағдарламаның жүзеге асырылуы нәтижесінде оқушыларда келесідей негізгі күзіреттіліктер қалыптасуы тиіс:

- **ақпараттық күзіреттілік** (ақпаратпен, Internet ресурстармен жұмыс жасай білуі, өз пікірін айта білу, әр түрлі сұрақтарды талқылауда белсенділік таныту, жаңа коммуникативті байланыстар орнату және қарым-қатынас дағдыларын меңгеру, сонымен бірге бір-бірімен өзара әрекеттестік орнату);

- **тұлғалық күзіреттілік** (өзіндік бағалау, өз ресурстарын бағалай білу, күйзеліске қарсы тұра алу, шешім қабылдай білу, таңдау жасай білу);

- **азаматтық-құқықтық күзіреттілік** (нормативтік құқықтық актілерді білу, осы білімдерді тәжірибе жүзінде қолдана білу, әлеуметтік ролді қамтамасыз ету);

- **дербес танымдық-пәндік күзіреттілік** (мәселені көре білу, сұрақтар қоя білу, болжамдарды ұсыну, ұғымдарға анықтама беру, бақылауларды жіктей білу және тәжірибе жасау дағдылары, тұжырым және ой қорытындысын жасау, материалды жүйелеу және мәтінмен жұмыс жасау);

- **мәселелерді шешу** («Жоқ» деп айта білу, өз таңдауын жасау және оны қорғай білу).

«Адал ұрпақ» Бағдарламасының міндеттерін жүзеге асыру критерийлері

1. Оқушылардың курс мазмұнын, яғни қарастырылатын негізгі сұрақтардың мазмұнын меңгеру деңгейі: терминдер, ұғымдар, құбылыстар (бақылау сұрақтары, тесттер, викториналар, сөзжұмбақтар арқылы анықталады).

2. Оқушылардың курсқа деген қызығушылықтарының тұрақтылығы (сабаққа қатысуға жағымды мотивтердің болуы), оқушылардың сабақтарда алатын білімдерін күнделікті өмірде қолдана алады (сұхбат, әңгімелесу, сауалнама, кері байланыс арқылы анықталады).

3. Оқушылардың шығармашылық деңгейі:

3.1. көзқарастарды анықтау (ойындарға, диспуттарға, әңгімелесуге қатысу);

3.2. әр түрлі іс-әрекеттерге деген (педагог ұсынатын) оқушылардың көзқарастары, қызығушылықтары.

4. Оқушылардың шығармашылық жетістіктері (эссе жазу, коллаж жасау, жобалар орындау).

5. Тәрбие нәтижелері (педагогпен, оқушылармен, ұжымның әрбір мүшесімен қарым-қатынастың сипаттары (жылы шырай, өзара түсіністік, төзімділік).

Моралді және конвенционалды ойлаудың даму деңгейі

Жемқорлыққа қарсы тәрбие **құндылықтарды тәрбиелеу** болып табылады. Құндылықтарды тәрбиелеуде әлеуметтік реттеудің екі түрі – **мораль мен конвенция** нақты ажыратылмайды.

Мораль тұрғысынан алғанда жақсы мінез-құлық дегеніміз-жеке адамның көзқарасына қарамастан «жақсылық» ретінде қабылданады, яғни әмбебап санатты болуы мүмкін, сондай-ақ, ол барлығына міндетті болады.

Конвенция нақты қоғамдағы нақты кезеңде болатын келісімдерге негізделетін нормаларды құрайды, сондықтан олар басқа қоғамдардың мүшелеріне міндетті бола алмайды және әмбебап емес.

Моралдік және конвенционалды ойлау балаларда өсіп-жетілу кезеңіне байланысты дамиды.

Жас	Моралдік сала	Конвенционалды сала
5-7 жас	Негізгі міндеттерді мойындау (басқаларды ренжітпеу). Алайда жақсы немесе дұрыс мінез-құлық өз қамын көздеуші (эгоизм) ретінде көрінеді	Конвенциялар өмірде бар тәжірибеден бастау алады (әйелдер белдемше киюі керек, себебі оны әйелдер киеді, ал ерлер кимейді)
8-10 жас	Жақсы немесе дұрыс дегеніміз «өзара әділетті» болуға дейін кеңейеді, ол ең алдымен әділдік негіздерімен бірге қатаң теңдік ретінде қабылданады (теңестіру), әділдік ерекшеліктерді назарға алуы керек	Эмпирикалық жолмен тұжырымдалған заң ретінде конвенцияны теріс қабылдау. Конвенциядан тыс (кейбір әйелдер шалбар киеді, ал шотландықтар - белдемше) құбылыстар конвенцияның мәжбүрлі (шартты) екендігін көрсетеді. Нормалардың болуы ендігі уақытта оларды ұстанудың жеткілікті негізі бола алмайды
10-12 жас	Жақсы немесе дұрыс мінез-құлық теңестіруден көрі көбірек бір нәрсені талап етеді. Әділдік жағдай немесе еңбегі сияқты арнайы ерекше қажеттіліктерге байланысты екеуара келісімге келе бастайды	Әлеуметтік ережелер тәртіп сақтайтынын түсіне бастайды (мысалы, мас жүргізушілерден қорғайды). Әлеуметтік беделділер «жоғарыда» отыр, олар ережелерді жасайды. Ережелер өзгеруі мүмкін және ол жағдайға байланысты

12-14 жас	Тенестіру ұғымы ретіндегі теңдік Ұғымын әділдік қағидаларымен сәйкестендіруге тырысу, яғни адамзаттық әлеуметтік қарым-қатынастарды құру барысында адамдардың ерекшеліктеріне сүйенеді	Конвенциялар әлеуметтік күтулер ретінде ғана есептеледі. Ол бұлардың міндеттілігін төмендетеді. Әрекеттер ережеден тәуелсіз бағаланады
14-17 жас	Жоғарыда аталған қағидаларды сәйкестендіру жалғасады	Әлеуметтік құрылымды жүйелі түсіну қалыптасады. Конвенция нақты белгіленген рольдер мен тұрақты иерархиялық ұйымдардан тұратын әлеуметтік жүйені нормалау және бекіту ретінде түсініледі
17-20 жас	Ересек адамдардың әлеуметтік ойлау жүйесіне көшу	Барлығына міндетті ережелер әлеуметтік жүйедегі тепе-теңдікті сақтауға арналған деген теріс көзқарас. Конвенциялар – әлеуметтік сипатта ғана

Берілген кестеге байланысты қарастыратын болсақ, әр түрлі жастағы оқушыларға жемқорлық жаман екендігін әр түрлі жолдармен түсіндіру керек. 10-12 жастағы бала сыбайластық әрекеттерге заңмен тыйым салынған, сондықтан оған жол жоқ екендігін айтсақ, әлдеқайда түсінікті болмақ.

12-14 жастағы жасөспірім құқықтық немесе әлеуметтік нормаларды аргументке келтіргенмен түсіне қоймайды, ол тек моралді әділдік тұрғысынан ғана қабылдайды.

14-17 жастағы жасөспірімдерге жемқорлыққа қарсы мінез-құлық әр түрлі қызметтерде отырған адамдарға міндетті болып келеді, себебі ол әлеуметтік жүйені қамтамасыз етеді деп түсіндіруге болады.

Ең үлкен оқушылар бұл тұжырымды біршама күмәнмен қабылдайды, себебі ережелерді олар қазіргі бар мінез-құлықтық тәжірибемен байланыстырады. Анағұрлым кіші оқушылармен салыстырғанда олар жемқорлық фактілерін айғақтаушы зерттеулердің нәтижелеріне назар аударады, **сондықтан ондай жағымсыз ақпаратқа қарама-қарсы жағымды мысалдарды талап етеді:** мемлекеттік қызметкерлердің этикалық кодексі, теңдік пен әділдіктің және т.б. шынайы процедуралармен, қағидаларымен таныстыру қажет.

Және, әлбетте, әр түрлі жастағы оқушылармен жұмыста әрдайым алдымыздан шығып тұратын сұрақ: жемқорлық деген не – тек тәртіп пен келісімді сақтамау ғана ма немесе моралді жауыздық па?

7-8 сынып оқушыларына арналған тақырыптық жоспар

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Адал болу дегеніміз не?	1
2	Әділдік заңдары бойынша...	1
3	Жемқорлық деген не?	1
4	Жемқорлықсыз балалық шақ	1
5	«Біз – жемқорлыққа қарсымыз!» коллаж	1
6	Жемқорлыққа қатаң түрде «ЖОҚ»! дейміз	1
7	Қорытынды сабақ: Дискуссиялық практикум «Қоғамдық тәртіп негіздері»	1
		7 с.

1-сабақ. Тақырыбы: Адал болу дегеніміз не?

Міндеттері:

1. Оқушыларда адамгершілік, ар-ұят нормалары, ар-ұждан кодексі ұғымдарын қалыптастыру.
2. Бейнелік және ұғымдық ойлау, есте сақтау, талдау мүмкіндігінің дамуына ықпал ету.
3. Қоғамның адамгершілік нормаларына құрмет көрсетуге, моральдік ережелерді саналы орындауға талпыну, адал және өнегелі адам болуға тәрбиелеу.

2-сабақ. Тақырыбы: Әділдік заңдары бойынша...

Міндеттері:

1. Оқушыларға «әділдік» ұғымын адамзаттық құндылықтарды талдау және бағалау арқылы саналы түрде түсінуге ықпал ету; әділдіктің негізгі қағидаларын талдау.
2. Жағдайға талдау жасау және сәйкес ақпараттың негізінде күрделі мәселелерді шешуге, қосымша пікірлерді талқылау, ойластырылған шешімдерді қабылдау, дискуссияларға қатысу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйрену.
3. Азаматтық құндылықтар мен этикалық нұсқауларды сіңіру.

3-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлық деген не?

Міндеттері:

1. «Жемқорлық» ұғымы туралы түсінік беру; жемқорлықтың әлеуметтік ықпалына адекватты талдау және тұлғалық баға беру дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау.
2. Оқушылардың ақпаратты табу, өңдеу және талдау дағдыларын дамытуға ықпал ету.
3. Белсенді азаматтық көзқарас және жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрыстың тұрақты дағдыларын қалыптастыру. Құндылықтар мен мораль нормаларын тәрбиелеуге ықпал ету.

4-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлықсыз балалық шақ

Міндеттері:

1. Өмірдің әр түрлі салаларында жемқорлыққа қарсы мінез-құлықпен байланысты ұғымдардың оқушыларда қалыптасуына ықпал ету.
2. Өскелең ұрпақтың бойында жемқорлыққа қарсы азаматтық көзқарастың қалыптасуына қажетті қабілеттерді дамыту.
3. Оқушыларда жемқорлыққа қарсы негізгі құндылықтар, идеялар, ой-пікірлер қалыптастыру, құндылықтар мен моральдік нормаларды тәрбиелеуге ықпал ету.

5-сабақ. Тақырыбы: «Біз – жемқорлыққа қарсымыз!» коллаж

Міндеттері:

1. Жемқорлық жағдайларына тән сипаттарды анықтай білу қабілетінің қалыптасуына ықпал ету; фактлерді бағалау, салыстыру, оларды талдай білу, мүмкін болатын нәтижелерді көре білу, соның нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдары жемқорлықпен күрес жүргізе аларлықтай нәтижелі болуы тиіс.
2. Ақпаратты таба білу, талдау және оны шығармашылықпен қолдана білуді дамыту; ұсынылған ақпаратқа сыни көзқараспен қарау және оны көркемдеу-рәсімдеу қабілеттерін дамыту.
3. Белсенді азаматтық көзқарасты тәрбиелеу; оқу ұжымында жағымды шығармашылық көңіл-күй қалыптасуын дамытуға ықпал ету.

6-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлыққа қатаң түрде «ЖОҚ»! дейміз

Міндеттері:

1. Санада жемқорлыққа қарсы көзқарас қалыптастыруға, елімізде жемқорлық құбылыстары пайда болуының алдын алуға деген тұрақты көзқарастың қалыптасуына ықпал ету.
2. Ізденушілік іс-әрекетті дамыту, қазіргі заманғы қоғамның мәселелеріне өзіндік дүниетаным қалыптастыру; топтарда жұмыс жасай білу, өз пікірін айта білуді дамыту.
3. Өз ісіне және әрекеттеріне жауапкершілік алуды, жасөспірімдердің саналы және әлеуметтік белсенді болуын тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауға ықпал ету.

7-сабақ. Қорытынды сабақ: Дискуссиялық практикум «Қоғамдық тәртіп негіздері»

Міндеттері:

1. Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін жүйелеу.
2. Балалардың өз құқықтары мен міндеттерін түсіну және білуге баса назар аудару. Әңгімелесу, дискуссия жасау арқылы коммуникативтік дағдыларын дамыту.
3. Құрбыларының пікірлері мен құқықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу және әлеуметтік-құқықтық құзіреттіліктерін көтеру.

9 - сынып оқушыларына арналған тақырыптық жоспар

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	Заң және оны сақтаудың қажеттілігі	1
2	Барлығын ақшаға сатып алуға бола ма?	1
3	Жемқорлық қайдан пайда болады?	1
4	Өз қалауың мен талап етудің арасындағы қарама - қайшылықты қалай шешуге болады?	1
5	Ар-ұят – адамның ішкі соты	1
6	Тәртіп не үшін керек?	1
7	«Болашақтың қаласы» сюжеттік-рольдік ойын	1
		7 с.

1-сабақ. Тақырыбы: Заң және оны сақтаудың қажеттілігі

Міндеттері:

1. Адамзат қоғамының өмірін реттеуші ережелер туралы оқушылардың білімін бекіту. Жасөспірімдерге құқық бұзушылықтың мүмкін болатын салдарын алдын ала көре білуді үйрету.
2. Оқушыларға заңды сақтауды түсіну және саналы ұғынуға жағдай жасау.
3. Өз ісіне жауап беру сезімін, заңды құрметтеуді тәрбиелеуге ықпал ету.

2-сабақ. Тақырыбы: Барлығын ақшаға сатып алуға бола ма?

Міндеттері:

1. Оқушыларда жемқорлыққа қарсы дүниетаным мен тәрбие, сыбайлас жемқорлыққа жағымсыз көзқарас қалыптастыруға ықпал ету.
2. Оқушыларға өз ісіне және құрбыларының іс-әрекетіне сыни көзқарас пен талау жасаудың қажеттілігін көрсету.
3. Жалпыадамзаттық және ұлттық-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге ықпал ету, балаларға бір-біріне көмектесуді үйрету, өзара құрметтеу мен бағалауды үйрету.

3-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлық қайдан пайда болады?

Міндеттері:

1. Азаматтың қоғамдағы жүріс-тұрысы туралы ұғым қалыптастыру, жемқорлыққа қарсы дүниетаным қалыптастыру үшін нормалар мен ережелерді сақтаудың қажеттілігін саналы түсінуге ықпал ету.
2. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, ізденімпаздық іс-әрекетті дамыту, өзіндік дүниетаным қалыптастыру.
3. Белсенді азаматтық көзқарас, өзінің жүріс-тұрысы мен әрекеттеріне жауалкершілік сезімін тәрбиелеу.

4-сабақ. Тақырыбы: Өз қалауың мен талап етудің арасындағы қарама-қайшылықты қалай шешуге болады?

Міндеттері:

1. Адам өміріндегі «қалаймын», «қолымнан келеді», «жасау керек» ұғымдарының әр түрлілігі мен бірлігі туралы ұғым қалыптастыру; мораль,

адамгершілік, әдеп туралы әдебиеттер оқуға қызықтыру. Жасөспірімдердің өмірлік маңызды міндеттерді нормалар мен ережелерге сәйкес ұжымдық талдау және белсенді түрде ойларымен және пікірлерімен алмасу арқылы орындау қабілеттіліктерінің қалыптасуына ықпал ету.

2. Ішкі қайшылықтарды шешу дағдыларын қалыптастыруға көмектесу. Өз-өзін жақсырақ білуге мүмкіндік жасау: өзінің тұлғасы, қалаулары, өзінің ішкі қақтығыстары.

3. Жастардың жемқорлыққа қатысты азаматтық көзқарасын қалыптастыруға қажетті қабілеттіліктерді тәрбиелеу және дамыту.

5-сабақ. Тақырыбы: Ар-ұят – адамның ішкі соты

Міндеттері:

1. Оқушыларға «ар-ұят» деген маңызды ұғымды саналы түсінуге көмектесу; ар-ұят сезімін қалыптастыруға ықпал ету.

2. Ар-ұяттың әдептілік ұғымын қалыптастыру негізінде оқушыларда өзіндік бағалау және күнделікті жүріс-тұрыста өзіндік бақылауды арттыру.

3. Оқушыларда өз қателігін мойындау, оларды талдау және қорытынды шығару тәрізді жеке қасиеттердің дамуына ықпал ету.

6-сабақ. Тақырыбы: Тәртіп не үшін керек?

Міндеттері:

1. «Тәртіп», «саналылық», «саналы тәртіп» түсініктерін саналы ұғынуға ықпал ету; өз әрекеттерін объективті бағалауға, өз-өзімен табанды түрде жұмыс жасауға, өз әрекеттерін бақылауда ұстауға үйрету.

2. Оқушылардың дүниетанымын, танымдық іс-әрекеттерін дамытуға, ақпаратты жүйелей білу қабілеттерін дамытуға жағдай жасау.

3. Өз іс-әрекетіне жауап беруді тәрбиелеу, оқушыларда мемлекеттің тағдырына, оның өткені, қазіргі заманы, болашағына қатысы бар екендігін саналы түсінуді қалыптастыруға ықпал ету.

7-сабақ. Тақырыбы: «Болашақтың қаласы» сюжеттік-рольдік ойын

Міндеттері:

1. Тәрбиеленушілер жемқорлық, шығу себебі, оның дамуына ықпал етуші факторлар сияқты құбылыстарды теориялық тану деңгейін тереңдетуге ықпал ету.

2. Жемқорлыққа қарсы жүріс-тұрыс мотивациясын дамыту; сенімді жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру.

3. Белсенді өмірлік көзқарас тәрбиелеуге, жемқорлықпен күрес бойынша тәжірибелік шараларды тәрбиеленушілердің меңгеруіне қажетті жағдайлар жасау.

10 - 11 сынып оқушыларына арналған тақырыптық жоспар

№	Тақырыптардың атауы	Сағат саны
1	«Жастар жемқорлыққа қарсы!» дөңгелек үстел	1
2	Жемқорлықтың түрлері және оның көрініс беру формалары	1
3	Жемқорлықтың дамуына әсер етуші себептер мен факторлар	1
4	Жемқорлықтың қоғам және мемлекет үшін салдары қандай?	1
5	Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы саясаты	1
6	Жемқорлыққа қарсы әрекет етудегі азаматтардың ролі	1
7	Қорытынды сабақ: «Жемқорлықтан азат қоғам»	1
		7с.

1-сабақ. Тақырыбы: «Жастар жемқорлыққа қарсы!» дөңгелек үстел

Міндеттері:

1. Жемқорлыққа қарсы дүниетанымды насихаттау және қалыптастыру; жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру сұрақтары бойынша мемлекеттік билік ұйымдары, физикалық және заңды тұлғалармен өзара әрекеттесуге ықпал ету.
2. Құқықтық сана, азаматтық көзқарас, алынған мәліметтердің негізінде қорытынды жасау қабілеттерінің дамуына ықпал ету; оқушыларға сұрақ қою және оны бағыттауды үйрету.
3. Тұлғаның негізін құраушы адамгершілік нормаларына жағымды көзқарас қалыптастыру.

2-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлықтың түрлері және оның көрініс беру формалары

Міндеттері:

1. Жемқорлықтың негізгі түрлері және оның көрініс беру формаларын таныстыру; қоғамдағы жемқорлықтың жіктелуін шынайы өмірден алынған мысалдар негізінде түсінуді қалыптастыру.
2. Мәселені ұжымдық түрде талдау қабілетін дамыту үшін жағдай жасау; өз ойларын сауатты және негізді түрде жеткізуге үйрету, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.
3. Өмірлік белсенді көзқарас тәрбиелеуге, оқушылардың жемқорлықпен күресте тәжірибелік дағдыларды меңгеруге ықпал ету.

3-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлықтың дамуына әсер етуші себептер мен факторлар

Міндеттері:

1. Жемқорлықтың дамуына ықпал етуші факторлар мен оның шығу себептері туралы ақпаратты оқушылардың түсінуін қамтамасыз ету.
2. Топтық жұмыс дағдыларын, көпшілік алдында таныстыру дағдыларын, аудитория алдында сөйлеу дағдыларын, өз көзқарасын дәлелдеу қабілеттерін қалыптастыру.
3. Оқушыларда жемқорлыққа қарсы дүниетаным мен сана және жемқорлыққа қатысты жағымсыз көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету.

4-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлықтың қоғам және мемлекет үшін салдары
Міндеттері:

1. Оқушылардың жемқорлық әрекеттерді және олардың қоғам мен мемлекет үшін жалпы салдарын түсінуге, жемқорлықпен байланысқан жүріс-тұрыс пен әр түрлі өмірлік жағымсыз жағдайлардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға ықпал ету.
2. Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін жағдай жасау; болжалды жағдайларда ақпараттарды өзгерту және түсіне білу.
3. Азаматтық құндылықтар мен әдептілік мақсаттарын сіңіру.

5-сабақ. Тақырыбы: Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы саясаты

Міндеттері:

1. Қазақстандағы жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі компоненттерін, оның мақсаты мен міндеттерін түсіндіру; жемқорлықпен күресуге құзіретті мемлекетті ұйымдарда осы саланы реттеуші нормативтік құжаттар туралы әңгімелеу. Отанға адам қызмет ету үлгілерін көрсету.
2. Сыни тұрғыдан ойлау, топтық өзіндік ұйымдастыру, коммуникативтік дағдылардың дамуына ықпал ету.
3. Оқушыларда мемлекеттің тағдырына, оның дәстүрлеріне, тарихына, қазіргі заманына қатыстылық сезімін; Отан үшін мақтаныш сезімін; азаматтық борыш пен өмірлік белсенді көзқарас қалыптастыру.

6-сабақ. Тақырыбы: Жемқорлыққа қарсы әрекет етудегі азаматтардың ролі

Міндеттері:

1. Оқушыларда жемқорлықтан бас тартуға мүмкіндік беретін жүріс-тұрыстың жүйелі қалыптасуын қамтамасыз ету, сонымен қатар заңа қайшы әрекеттерді күштеп тану жағдайында дұрыс әрекет етуге үйрету.
2. Өз пікірін айта білу, аргументтер келтіре отырып әңгімелесу, жемқорлық жағдайларын талдау негізінде тұжырым жасауды дамыту.
3. Адалдық, әдептілікті тәрбиелеуге; тұлғаның негізін құраушы адамгершілік нормаларына жағымды көзқарасты тәрбиелеуге ықпал ету.

7. Қорытынды сабақ: Жемқорлықтан азат қоғам

Міндеттері:

1. Оқушылардың жемқорлықпен күрес мәселесіне өз көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру. «Жемқорлық» көріністеріне бейжай қарамау, жемқорлық деңгейі төмен қоғамның тиімділігін көрсету.
2. Топтық жұмыс, көпшілік алдында таныстыру дағдыларының қалыптасуына ықпал ету.
3. Жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша тұрақты көзқарастың қалыптасуына ықпал ету.

Глоссарий

Жемқорлыққа қарсы саясат – мемлекеттің және қоғамның өмірдің әр түрлі салаларында жемқорлықты тудырушы және өрістетуші себептер мен шарттарды жою (азайту) бойынша жан-жақты және жүйелі іс-шаралары.

Тамыр-таныстық (блат нем. Blatt – «парақ») – жаргон сөз, бұрынғы КСРО-да кеңінен таралған, жеке пайда үшін қолданылатын және үшінші тараптың мүддесін кемсітуші таныстық немесе байланыстар.

Бюрократ (франц. bureau – бюро және гр. kratos – билік)

1. Бюрократтық басқару жүйесінің өкілі.

2. Өз құзіреттілігін азаматтардың қызығушылықтары мен істің барысында теріс пайдаланушы немесе асыра ресми сипат беруші шенеунік.

Пара – ақша, бағалы қағаз, басқа да мүлік немесе мүліктік құқық түріндегі барлық материалдық игіліктерді қоса алғандағы жалпылама ұғым. Пара – сыйлық, ризашылық, ақы, луазымды тұлғаны сатып алу, уәде, жанама табыс, көп сома, кіріс (заңсыз, жанама, күнәсіз).

Парақорлық – мемлекеттік аппараттың құрылуымен бірге пайда болған, көп таралған негативті әлеуметтік құбылыс.

Жемқорлықтың түрлері: тұрмыстық жемқорлық, іскерлік жемқорлық, жоғарғы биліктің жемқорлығы.

Тұрмыстық жемқорлық қатардағы азаматтар мен мемлекеттік қызметкерлердің өзара әрекетінен туындайды. Оған азаматтардың қызметтік тұлғаларға немесе оның жанұясы мүшелеріне берген сыйлығы немесе көрсеткен қызметі кіреді. Бұл санатқа сонымен қатар тамыр-таныстық та жатады (непотизм).

Іскерлік жемқорлық – билік пен бизнес өкілдерінің өзара әрекеттесуінен пайда болады. Мысалы, шаруашылық дау туындаған жағдайда, тараптар істі өз пайдасына шешу үшін соттың қолдауына ие болу үшін талаптануы мүмкін. Жоғарғы биліктің жемқорлығы демократиялық жүйедегі саяси басшылыққа және жоғарғы сотқа жатады. Ол билік басындағы топтарға қатысты, саясатты өз пайдасы үшін және сайлаушылардың мүддесіне кереғар жүзеге асырудан тұратын жөн-жосықсыз мінез-құлық.

Бопсалаушылық – зорлық көрсету, мүлікті жойып жіберу не бүлдіріп тастау, сондай-ақ жәбірленушіні, оның туыстарын масқаралайтын, олардың мүдделеріне елеулі нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату, жариялау қаупін төндіре отырып, бөгде біреудің мүлкін немесе мүлікті иелену құқын беруін, сондай-ақ, мүліктік сипаттағы басқалай іс-әрекеттер жасауын талап ету.

Азаматтық қоғам – ол мемлекетке тәуелсіз және одан тыс демократиялық қоғам аясында экономика, мәдениет және т.б. салалары дамитын қатынастардың үйлесімі.

Дефицит (лат. deficit – жетіспейді) – аздық, жетіспеушілікті білдіретін термин; тауар дефициті – тұтынушылар нарықтағы бар бағаға сатып ала алмайтын тауар саны. Дефицит сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігін және теңестіруші бағаның болмауын көрсетеді.

Теріс пайдаланушылық – өз мүмкіндіктерін саналы түрде заңсыз, теріс пиғылда және басқаларға зиян келтіре отырып пайдаланушы қылық, қылмыс.

Билікті, қызметтік дәрежені теріс пайдаланушылық – қызметтік дәрежесін әдейі, қасақана пайдалану, қызметтік құзіреттіліктерін мемлекетке және қоғамдық мүддеге, заңдарға, қарсы, жеке бас пайдасы үшін қолдану.

Кадрлық саясат – кадрлық жұмыстың негізі бағыты; кадрлық мүмкіндікті сақтау, нығайту және дамытуға, жоғары өнімділік, өзгермелі нарық талаптарына уақытында жауап бере алатын ұжымды біріктіруге бағытталған мақсаттар мен міндеттерді айқындау бойынша ұйымдастырушылық тетіктердің, қағидалардың, әдістердің, түрлерінің жиынтығы.

Қазына ұрлаушылық – мемлекеттік меншікті заңсыз иемдену, қазынаны тонау.

Конвенция (келісім) – орындалуы міндетті формасы жағынан қаапайым және мазмұны жағынан біртекті, халықаралық келісім шартты білдіретін термин.

Жемқорлық қылмыстары – бұл:

- қоғамға қауіпті;
- жазаға тартылатын, Қылмыстық Кодексте тыйым салынған;
- қоғамның және мемлекеттің заңды мүдделеріне қарсы іс-қимылдар

(әрекеттер немесе әрекетсіздіктер).

Сыбайластық – ортақ заттай жауапкершілік: топтың (серіктестік, қауымдастық және т.б.) барлық мүшелері өз ішіндегі біреудің міндеттеріне жауап береді.

Тамыр-таныстық – туыстарына және өз адамдарына олардың еңбегіне қарамастан қызметтік жақтаушылық.

Жеке пайда – бір нәрседен пайда, кіріс табу. Пайда, кіріс, жеке мүдде.

Лоббизм – лобби мүдделерін қорғайтын топтың пайдасына шешім қабылдануы үшін мемлекеттік шенеуніктерге, парламентке немесе басқа да ықпалды тұлғалардың қысым көрсетуі, белсенді түрде әсер етуі.

Мафия – ұйымдасқан қылмыс – ұжымдық және жүйелі түрде қылмыстық әрекеттермен айналысатын қылмыскерлердің иерархиялық ұйымдасқан тобы. «Мафия» термині ХІХ ғасыр ортасында пайда болды.

Парақорлық – қызметтік тұлғаның пара берушінің мүддесіне сәйкес әлдебір нәрсені орындау немесе орындамау арқылы материалдық құндылықтар (заттар немесе ақша) немесе қандай да бір мүліктік пайда табу.

Дүниетаным – әлемге және осы әлемдегі адамның орнына деген көзқарастар жүйесі, ол көбінесе адамның әлемге, басқа адамдарға, өз-өзіне деген көзқарасын анықтайды және оның тұлғалық құрылымын қалыптастырады.

Алаяқтық – басқа біреудің мүлкін ұрлау немесе алдау және сенім білдіруді теріс пайдалану арқылы басқа біреуге тиесілі мүлікті иемдену құқығын алу.

Непотизм – жалпы және әділ тәртіпті бұза отырып туыстарға басымдық бере қызметтерді ауыстыру.

Нормативтік құқықтық акт – референдумда қабылданған не уәкілетті

орган немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, жалпыға міндетті мінез-құлық ережелер жазылған, белгісіз тұлғалар тобына және үнемі қолдануға арналған белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

«Пара беру» («откат») – белгілі бір ұйымның қаржысын жұмсау туралы шешімді қабылдаушы осы ұйымның өкілі лауазымдық тұлғаға берілетін параның түрі; жұмсалатын қаржының сомасынан беріледі (мысалы: «Зауыттың құрылғыларын дәл осы фирмадан сатып алғаны үшін параны зауыттың бас инженері алып отырды»).

Жеке меншікті бөлісу – меншіктің өз иесінен басқа өту процесі.

Параға сатып алу – лауазымды тұлғаға оның қызметтік міндеттеріне кіретін әрекеттерді орындағаны немесе орындамағаны үшін заңсыз мүліктік пайда келтіру.

Жалғандық – жеке тұлғаның мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымдар беретін ресми қағаздарды немесе қолхаттарды қолдан жасап алуы.

«Сый-құрмет» – біреуге қошемет көрсету, әлдебіреудің еңбегіне, әлдекімге ізет білдіру.

Адам құқықтары – ұлттық және халықаралық құқықтық нормаларға сәйкес барлық адамдарға берілген негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға берілген тең мүмкіндіктер, олар тұлғаның дамуын және оның қоғамдық өмірге толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді.

Құқық қорғаушы ұйымдар – негізгі (арнайы) қызметтері заңдылықтарды сақтау, құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыспен және басқа да құқық бұзушылықтармен күрес болып табылатын мемлекеттік ұйымдар. Құқық қорғау ұйымдары – сот, прокуратура.

Ұйымдасқан қылмыс – қауіпті қылмыс түрлерінің бірі, келесі белгілермен сипатталады: а) материалдық-қаржылық базаның болуы; б) қылмыстық ұйымның иерархиялық құрылымы; в) мемлекеттік ұйымдармен сыбайластық байланыстардың болуы; г) қылмыстық іс-әрекеттің тұрақты түрі; д) қылмыстық топтың (ұйымның) құранды қосылысқа бейімділігі; е) қылмыстық топтар арасында ықпал ету салаларын бөлу.

Протекционизм (қолдаушылық) – қолдампаздық – мемлекеттің ұлттық экономиканы шетелдік бәсекеден қорғау жолымен оның дамуына жәрдемдесетін экономикалық саясаты. Бір жағынан, ондай саясат ұлттық өндірістің дамуына мүмкіндік береді. Протекционизм кез келген еңбектің нәтижелілігіне теріс әсер етеді. Ол әлеуметтік әділеттілік қағидасымен үйлесімсіз.

Рәкет – бопсалау, әдетте қорқыту, қатыгездікпен күш көрсету, кепілге алуды қолдану арқылы ұйымдасқан топтық қылмыс түрінде болады.

«Көлеңкелі экономика» – мемлекеттік бақылау мен есептен тыс қоғамнан және мемлекеттен жасырын экономикалық іс-әрекет. Мемлекеттік бақылау мен есептен тыс дамып жатқан шаруашылық әрекеттері, сондықтан ресми статистикада көрсетілмейді.

Басқарушылық шешім – басшының нақты ұйымдастырушылық міндеттерді басқару қызметін орындау және шешім қабылдау кезінде жасауы

тиіс болатын таңдау. Басқарушылық шешім ұйымның алдына қойылған бағыт-бағдарға, мақсаттарға жетуді қамтамасыз етуі тиіс.

Фаворитизм – істің алға жылжуына белгілі бір фавориттер үлкен ықпал ететін қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы жағдай.

Ұрлау – Пайдакүнемдік мақсатпен бөтен мүлікті осы мүліктің меншік иесіне немесе өзге иеленушісіне залал келтіре отырып айыптының немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз қайтарымсыз алып қою және (немесе) айналдыру.

Шенеунік – мемлекеттік қызметкер, сонымен қатар қолында қандай да бір билігі бар басқа да адамдар (мысалы, жеке фирмалардағы лауазымды тұлғалар).

Шантаж – жұрт алдында масқаралайтын іс я құжатты әшкерелеумен біреуді қорқытып, заңсыз пайда түсіру.

9 желтоқсан – Халықаралық жемқорлықпен күрес күні

Халықаралық жемқорлықпен күрес күнін БҰҰ бас ассамблеясы белгіледі және жыл сайын 9 –желтоқсан күні атап өтіледі.

2003 жылдың осы күні жемқорлыққа қарсы БҰҰ Конвенциясы қол қоюы ашық жарияланды. Құжатқа қол қойған мемлекеттер пара алу, бюджеттік қаражатты қымқыру, жемқорлықпен пайда табуды қылмыстық іс деп жариялауға міндетті болды.

Конвенция ережелерінің біріне сәйкес жемқорлық нәтижесінде қаражат қайдан алынған болса, сол тарапқа қайтарылуы тиіс.

Арнайы спикерлер мен эксперттерді шақыру

Эксперттер мен арнайы спикерлерді шақыру оқушылардың білім көкжиегін кеңейте түседі, коммуникативті дағдылары мен танымдық қабілеттері дами түседі.

Ондай сабақтарды өткізуге қолайлы уақыт – 9 желтоқсан – **БҰҰ белгілеуі бойынша «Жемқорлықпен күрес күні» болып табылады.**

Жемқорлыққа қарсы тәрбие бойынша сабақтарға шақыруға ұсынылатын мекеме өкілдері:

- жемқорлықпен күрес жүргізуге құзіретті мемлекеттік органдар;
- БАҚ және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері;
- бизнес өкілдері.

Нормативтік - құқықтық құжаттар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған 10.03. 2017ж.берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы №319 - III Заңы (01.01.2019ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II Заңы (05.24.2018ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ (03.07.2017ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
5. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-V ҚРЗ
6. «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығы (04.08.2018ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
7. «Қазақстан Республикасында білім берудің және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы №205 Жарлығы
8. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығы (01.06.2017ж. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы
10. «Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол. 5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мақаласы (2015 жылдың мамыры)
11. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12 сәуір 2017 жыл
12. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысы
13. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығы

14. «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығы (19.04.2016ж. берілген өзгерістермен)

15. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі 26 сәуір 2016 жыл <http://nao.kz/>

16. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша балаларға қосымша білім беруді жүзеге асырушы педагогтерге арналған әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. <http://nao.kz/>

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Долгунков А., Джавршян А. Г. Анализ методов борьбы с коррупцией в РФ (успехи и неудачи). - Петропавловск-Камчатский, 2006.
2. Журавлева О.Н. Әдістемелік құрал: Формирование антикоррупционного мировоззрения школьников на уроках истории и обществознания. Рек. РЭС КО СПб. М.: «Вентана-Граф», 2009.
3. Качкина Т.Б., Качкин А.В. Коррупция и основные элементы стратегии противодействия ей. Ульяновск, 2009.
4. Кирпичников А. И. Взятка и коррупция в России. – СПб.,1997.
5. Монатик А. Сравнительный анализ стратегий борьбы с коррупцией. – Петропавловск-Камчатский, 2006.
6. И.И.Рогов, К.А.Мами, С.Ф.Бычкова ред. оқу құралы. Основы противодействия коррупции. – Алматы, 2004.
7. Попов Г. Основы коррупции в постиндустриальном мире//Наука и жизнь.- 2010. - № 3.

Пайдаланылған ғаламтор – ресурстар

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Википедия_Энциклопедия
2. <http://nsportal.ru/> Білім беру қызметкерлерінің әлеуметтік желісі
3. <https://kopilkaurokov.ru/> 22.08.2017 ЕСЭДО ГО мұғалімдерге арналған сайт (7.19.2 версиясы) электронды құжат көшірмесі. ЭЦП тексерісінің оң нәтижесі.
4. semerochka.kz/- Қазақстан Республикасы, Қостанай қ. № 7 орта мектебінің сайты - Иванова А.Б. «Коррупция - это препятствие для развития Казахстана!»
5. semerochka.kz/- Қазақстан Республикасы, Қостанай қ. № 7 орта мектебінің сайты - Бисенова У.Н. «А ты записался в клуб «АдалҰрпақ»?
6. http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_82959/
7. http://mke.mos.ru/protivodeystvie_korruptsii/methodicalmaterials/detail/1052.html
8. <http://citaty-super.ru/citati/citatipotemamk/citatipotemamk47.html>
9. aphorism-list.com/t.php?page=korrupcija
10. www.anti-corr.ru
11. www.wciom.ru
12. ru.wikipedia.org/wiki/
13. www.indem.ru
14. www.transparency.org.ru

Сыни ойлауды дамыту технологиясы

Сыни ойлауды дамыту технологиясының негізгі мақсаты – оқушыға саналы түрде және өз бетінше оқулықпен жұмыс жасау, содан кейін басқа да ақпарат көздерімен жұмыс жасауға үйрету. Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды дамыту технологиясының авторлары – американдық педагогтар Чарльз Темпл, Джинни Стил, Курт Мередит.

Сыни ойлау – бұл еркін, тәуелсіз, рефлексивті, бағалаушы, талдау арқылы ойлау.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының алгоритмі: шақыру, мәнін түсіну, рефлексия



Сабақтың технологиялық кезеңдері

I кезең «Шақыру»:

- бар білімдерді жандандыру;
- жаңа ақпарат алуға қызығушылық тудыру;
- оқушының өз бетінше оқу мақсаттарын алға қоюы.

Мұғалімнің іс-әрекеті – қарастырылатын мәселе бойынша оқушылардағы бар білімді шақыруға бағытталған, олардың іс-әрекетін жандандыру, алдағы жұмысқа ынталандыру.

Оқушының іс-әрекеті – оқушы қарастырылатын материал бойынша өзінің не білетіндігін есіне түсіреді, жаңа материалды қарастырғанға дейін ақпаратты жүйелейді, сұрақтар қояды.

II кезең «Мазмұнын түсіну»:

- жаңа ақпарат алу;
- оқушының алға қойған мақсаттарын түзетуі.

Мұғалімнің іс-әрекеті жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында оған қызығушылықты сақтауға бағытталады, «ескі» білімдерден «жаңасына» біртіндеп жылжу.

Оқушының іс-әрекеті – оқушы мәтінді оқиды, тыңдайды, белсенді оқу әдістерін қолданады, жаңа ақпараттың мәнін түсінуде жиек жолға белгілейді немесе жазба жүргізеді.

III кезең «Рефлексия»:

- ойлану, жаңа білімнің туындауы;
- оқушының жаңа оқу мақсаттарын алғ қоюы.

Мұғалімнің іс-әрекеті – мұғалім оқушыларды алғашқы жазбаларына қайтып әкелуі қажет; оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек; оларға қарастырылған материалдардың негізінде шығармашылық зерттеушілік тапсырмалар беруі керек.

Оқушының іс-әрекеті – оқушылар ақпарат мәнін түсіну кезеңінде алған білімдерді қолдана отырып, «жаңа» ақпаратты «ескісімен» салыстырады.

**Дельфи-консенсус (APADelphi) моделі бойынша
когнитивтік дағдылар мен субдағдылардың қысқаша тізімі**

Дағдылар	Субдағдылар
1. Интерпретация	- Категоризация - Декодтау - Мағына - Мәнін түсіндіру
2. Талдау	- Идеяларды тексеру - Аргументтерді анықтау - Аргументтерді талдау
3. Бағалау	- Тұжырымдарды бағалау - Аргументтерді бағалау
4. Тұжырым	- Нақты деректерді тексеру және нақтылау - Баламаларды ұсыну - Тұжырымдарды жасау
5. Түсіндіру	- Нәтижелерді тиянақтау (мазмұндау) - Әдістемелерді, әдістер мен тәсілдерді негіздеу - Аргументтер келтіру
6. Өзіндік реттеу	- Өзіндік тексеру - Өзіндік сын

Сыни ойлауды жандандыруға арналған сұрақтар

1. Интерпретация

- Бұл дегеніміз не?
- Не болып жатыр?
- Мұны бізге қалай түсінуге болады (мысалы, жаңа ғана ол не айтты)?
- Мұны сипаттаудың, жүйелеудің (санаттар бойынша бөлу) анағұрлым жақсы тәсілі қандай?
- Егер нақты осы тұрғыда қарастыратын болсақ, бұл айтылғандарды (әрекетті) қалай түсінуімізге болады?
- Бұл тәжірибеден (сезімдерден немесе тұжырымнан) қандай сабақ алуымызға болады?

2. Талдау

- Аталған тұжырымды айту үшін тағы да өзіңіздің логикалық негіздемеңізді айтып беріңізші?
- Сіздің тұжырымыңыз қандай?/ Сіз нақты нені айтып отырсыз?
- Сіз неліктен олай ойлайсыз?
- Сіздің ойыңыз қандай? Сіз нақты нені айтып отырсыз?
- Жақтаушы және қарсы аргументтеріңіз қандай?
- Бұл тұжырымды қабылдау үшін біз қандай жорамал жасауымыз керек?
- Сіздің бұлай айтуыңызға қандай негіз бар?

3. Бағалау

- Бұл тұжырым қаншалықты сенімге ие болды?
- Неге осы адамның айтып отырғанын сенімді деп ойлауымызға болады?
- Бұл аргументтер қаншалықты сенімді?
- Біздің қолымыздағы фактілер рас па?
- Біздің енді білетінімізді ескерер болсақ, біздің жасаған тұжырымымызға қаншалықты сенімді болуға болады?

4. Тұжырым

- Біз білетінді ескеретін болсақ, енді біз қандай тұжырым жасай аламыз?
- Бізге белгілі жағдайды ескеретін болсақ, одан не түюге болады?
- Бұл нақты ақпараттар нені білдіреді?
- Егер біз бұл жорамалды теріске шығарсақ (қабылдасақ), онда барлығы қалай өзгерер еді?
- Бұл сұрақты шешу үшін бізге қандай қосымша ақпарат қажет?
- Егер біз ондай нәрселерге сенетін болсақ, олардан кейін не шығар еді?
- Ондай әрекеттердің салдары қандай болар еді?
- Біз қандай балама жолдарды байқап көрген жоқпыз (зерттемедік)?
- Қанекей, әрбір нұсқаның неге әкелетінін қарастырып көрелік.
- Біздің байқауымыз тиіс қандай да бір жағымсыз салдарлары бар ма?

5. Түсіндіру

- Бұл талдауды қалай жасағаныңызды айтып беріңізші?
- Бұл түсіндірмеге сіз қалай келдіңіз?
- Өтінемін, бізге тағы да өз ойыңызды айтып беріңізші.
- Неліктен сіз осы дұрыс жауап (шешім) деп ойлайсыз?

- Неліктен осы нақты шешім қабылданғандығын қалай түсіндіресіз?

6. Өзіндік реттеу

- Бұл сұрақ бойынша біздің көзқарасымыз әлі де болса айқын емес, біз осыны неғұрлым нақтылай аламыз ба?

- Біздің әдістемеміз қаншалықты сәйкес болды және қаншалықты біз оны қатаң сақтадық?


- Бұл екі айқын қарама-қарсы тұжырымды келістірудің тәсілі бар ма?

- Біздегі нақты ақпараттар қаншалықты сенімді?

- Жақсы, өзімізге міндеттеме алмас бұрын, біз нені ұмыттық?

- Мен біздің тұжырымнан біршама қиыспайтын жерлерін көріп отырмын; соңғы шешімді қабылдар алдында белгілі бір нәрселерді қайтадан қарастыра аламыз ба?

Сұрақтар сыни ойлаудың негізгі құрал-жабдығы ретінде



Сыни ойлауды дамыту технологияларының тәсілдері

1. Шақыру кезеңінің тәсілдері: дұрыс және қате тұжырымдар («сіз сенесіз бе?»), кілт сөздер.

1.1. Дұрыс және қате тұжырымдар («сіз сенесіз бе?»)

Бұл тәсілді сабақтың басында қолдануға болады. Оқушылар мұғалім ұсынған «дұрыс тұжырымдарды» таңдай отырып, берілген тақырыпты (жағдайды, құбылысты, ережелер жүйесін) сипаттайды.

1.2. «Кілт сөздер»

Шақыру кезеңін сабақта көптеген әдістермен жүзеге асыруға болады, соның ішінде белгілі «кілт сөздер», бұл әдіс бойынша әңгіме құрастыруға болады немесе белгілі бір ретпен орналастырады, содан кейін мәнін ұғыну кезеңінде материалды кеңейте түсіп, өз болжамдарына айғақ іздеуге болады.

2. Кластерлер, денотатты кескін

2.1. Кластер (ағыл. cluster топтасу) – белгілі бір қасиеттерге ие өз алдына жеке шама ретінде қарастыруға болатын бірнеше біртекті элементтердің жиынтығы.

Мәтіннің мағыналық бірліктерін анықтау және бір шоғыр түрінде белгілі бір ретпен графикалық бейнелеу.

2.2. Денотатты кескін - [лат. denoto – белгілеймін және и грек. - жазамын] – мәтіннен кілтті ұғымдардың маңызды белгілерін анықтау тәсілі (шақыру, мәнін түсіну, рефлексия).

3. Болжамдар бәйтерегі

«Болжамдар бәйтерегі» әдісін американдық ғалым Дж.Белланс көркем мәтінмен жұмыс жасау үшін ойлап тапқан. Түп негізінде бұл әдіс әңгіменің, повестің сюжеттік дамуы туралы болжамдар жасауға көмектесетін еді. Бұл әдіспен жұмыс жасаудың ережесі мынадай: ағаштың діңі – тақырыбы, бұтақтары – негізгі екі бағытта жүргізілетін болжамдар – «мүмкін» және «ықтимал» («бұтақтардың» саны шектеулі емес), және соңында «жапырақтар» - белгілі бір пікірді қостаушы аргументтер, осы болжамдарға негіздеме.

4. Күнделіктер және борт журналдары

4.1. Борт журналдары – оқушылар тақырыпты қарастыру барысында өз ойларын жазып отыратын әр түрлі тәсілдердің жалпылама атауы. Борт журналы ең қарапайым түрінде қолданылғанда, оқу алдында немесе материалды басқа да түрде қарастыру алдында оқушылар келесі сұрақтарға өз ойларын жазады: Осы тақырып бойынша маған не белгілі? Мен мәтіннен жаңа не нәрсе туралы білдім?

4.2. БКЕ кестесі (білемін – білгім келеді – енді білдім) (Донн Огл) – тақырып бойынша қолда бар материалды жинақтау, қарастыратын мәселе бойынша білімдерін кеңейту, оларды жүйелеу.

Б – біз нені білеміз

К – нені білгіміз келеді

Е – ендігі жерде нені білдік, тағы нені білуіміз керек

5. Топтық жұмыс

Топтық жұмыс – «Бірлесіп оқу» немесе «Серіктесіп оқу» оқушылардың жұмысын бірге ұйымдастыру: белгілі бір сұрақ бойынша нәтижесінде жаңа идеялар пайда болатын жұппен немесе аз топтарда жұмыс жасау. Бұл идеялар мен пікірлер талқыланады, дискуссияға түсіреді.

6. Дискуссиялар

Тоғысқан дискуссия өткізу технологиясы:

- Сұрақтарды құрастыру.

- Тоғысқан дискуссияға шығарылатын сұрақ мәселелі болуы тиіс, және сәйкесінше нақты жауабы болмауы керек. Ол дәптердің ортасына жазылады.

- Тоғысқан дискуссия үшін сызба жасау.

Ол мынандай болады.

Сұрақ – мәселе?

Иә (келісу) Жоқ (қарсы)

1. 1.

2. 2.

3. 3.

Тұжырым (қысқаша): Иә, себебі ... Жоқ, себебі ...

- Содан кейін оқушыларға «келісетін» және «қарсы» аргументтер тізімін жасауды ұсынамыз.

7. Басымдықтар пирамидасы

Сызбасы (оны жағдайға байланысты түрін өзгерту керек)

- Тізімін жасаңдар...

- Сендерге анағұрлым не маңызды екенін әрбір пункт бойынша анықтаңдар, қайсынан оңай бас тарта аласыңдар, бір фактор басқасына қалай әсер етеді, берілген факторлардың әрқайсысы сендердің болашақтарыңа қалай әсер етеді.

- Өз ойларың бойынша берілген пункттердің дәрежелерін анықтаңдар.

- Өз жауаптарыңды түсіндіріңдер.

8. IDEAL стратегиясы

Мәселені көру, оны талдау, аспектілерді айқындау, шешу жолдарын бағалау және таңдау.

IDEAL стратегиясымен мәселені шешу алгоритмі

1. Педагог мәселе берілген кітаптан (фильм) үзінді оқиды (көрсетеді).

2. Оқушылардан мәселені айқындауды сұрайды (жеке және топтық жұмыс түрі).

3. Болжамдарды алға тарту.

4. Оқушылар үзіндіден қандай ақпарат алғандығын және осы мәселе туралы өз тәжірибесі бойынша не білетінін анықтайды (жеке жұмыс).

5. Мәселені шешу үшін нені білу керек екендігін анықтау.

6. Мәселені шешу тәсілдерін құрастыру, анағұрлым тиімділерін анықтау (жеке, топтық, жаппай жұмыс жасау түрлері).

7. Мәселені шешудің бір тәсілін таңдау, жасалған таңдауды негіздеу.

***Қазіргі жастардың негізгі құзіреттіліктері:
өмір бойы оқу қабілеті***

- «үздіксіз білім моделі», «өмір бойы оқу»;
- тұлғалық өсу: өзіндік білім алу, ішкі ресурстарды жандандыру, өмірлік стратегия құру;
- өзінің жоғары коммуникативтік деңгейін дамыту: топта серіктестік қарым-қатынас, әр түрлі мәдениет, дін, мамандық және т.б. өкілдеріне шыдамдылық;
- ана тілі және шет тілдерін жеткілікті меңгеру;
- ақпараттық технология дағдыларын меңгеру: жаңа ақпараттық технологияларды қолдана білу, құжаттармен жұмыс жасау, оларды саралау және жіктеу, модельдеуші және санаушы құрылғыларды қолдана білу.

XXI ғасырдың жастары өзі үшін басым мақсаттарды нақты айқындау тиіс, олар өмірде өзін дамытуға, өзіндік құндылықтар ретін құруға, басымдықтардың иерархиялық сатысын жасауға мүмкіндік беруі тиіс.

Әркім өзінің тұлғалық мүмкіндіктерін, бойында бар қабілеттерін жүзеге асыруы тиіс, қоғамның толыққанды мүшесі болуы керек, бұл жерде жастардың өзін қоғамның айнымас бөлшегі ретінде сезінуі аса маңызды.

- 1. Тренд «Жарқын, сапалы білім»**
- 2. Тренд «Креативті, икемді тұлға»**
- 3. Тренд «Бәсекеге қабілетті, кәсіби тұлға»**
- 4. Тренд «Жоғары ақпараттық мәдениет»**
- 5. Тренд «Нақты өмірлік стратегия»**
- 6. Тренд «Жоғары құзіреттілік»**
- 7. Тренд «Тұлғалық өсу»**

Интерактивті оқыту технологиялары

Тәрбиедегі негізгі әдістемелік жаңашылдықтар белсенді немесе оларды тағы интерактивті деп аталатын оқыту әдістерін қолданумен байланысты. Интерактивті деген біреумен (адаммен) әңгімелесу немесе бір нәрсемен (компьютер) диалог режимінде болуды білдіреді. Сәйкесінше, интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен диалогтық оқыту, оның барысында өзара әрекеттестік жүретін болады.

Интерактив бір ғана сөйлеушінің де, сонымен бірге бір ғана пікірдің басымдығына жол бермейді. Диалогтық оқыту барысында тәрбиеленушілер жағдайға талдау жасай отырып күрделі мәселелерді шешуге, сыни ойлауға үйренеді, балама пікірлерді салыстыруға, ойластырылған шешімдер қабылдауға, дискуссияға қатысуға, басқа адамдармен тіл табысуға үйренеді. Ол үшін сабақтарда жеке, жұптық және топтық жұмыс, зертеу жобалары, ролдік ойындар, құжаттармен және әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс, шығармашылық жұмыс, суреттер салу және т.б. ұйымдастырылады.

Интерактивті оқыту технологиялары:

1. Жұптық жұмыс.
2. Алмасушы үштік.
3. «Өткеншек».
4. Кіші топтағы жұмыс.
5. Аквариум.
6. Аяқталмаған сөйлемдер.
7. Миға шабуыл.
8. Броун қозғалысы.
9. Шешімдер бәйтерегі.
10. Өз атының соты.
11. Азаматтық тыңдаулар.
12. Ролдік ойын (іскерлік).
13. Пресс әдісі.
14. Пікірінді қарызға бер.
15. Дискуссия.
16. Дебаттар.

7-8 сынып оқушыларымен жұмыс барысында топтық жұмыстың қарапайым түрлерінен («айналма», «үлкен шеңбер», «аквариум») бастаған жөн. Бұл мәселені өзара біріге отырып талдау және ортақ шешім қабылдайтын жұмыс түрі. Оларда бала тек өз пікірін, ойын білдіріп және бағалап қана қоймай, сонымен қатар ойын барысындағы серіктестерінің аргументтерін тыңдап, өзінің кейбір пікірлерінен бас тарту немесе маңызды өзгерістер жасауға мүмкіндігі болады.

Топтық өзара әрекеттестіктің анағұрлым қарапайым түрі – «үлкен топ». Жұмыс үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең. Топ үлкен шеңбер бойымен орындықтарға отырады. Педагог мәселені айқындайды.

Екінші кезең. Белгілі бір уақытта (шамамен 10 минут) әрбір тәрбиеленуші жеке өз парағына ұсынылған мәселені шешудің жолдарын жазады.

Үшінші кезең. Шеңбер бойымен әрбір қатысушы өз ұсыныстарын оқиды, топ үндемей тыңдайды (сынамайды) және әрбір пункт бойынша дауыс беру басталады – әңгіме барысында туындайтын тақтаға жазып алынатын жалпы шешімге қосуға бола ма?

«Аквариум» – балаларға мәселені «қоғамның алдында талқылауға» ұсынылатын диалог түрі. Кіші топ мәселе бойынша белгілі бір диалог жүргізуді сеніп тапсыруға болатын қатысушыны таңдайды. Кейде олар көп болуы мүмкін. Педагог пен басқа балалар көрермен ролінде болады. Осыдан атауы да шыққан – «аквариум».

Интерактивті оқыту тәсілдері мен әдістері

- 1 – афоризмдермен жұмыс;
- 2 – дебаттар;
- 3 – әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық ойындар;
- 4 – әлеуметтік-психологиялық олимпиада;
- 5 – коллаж;
- 6 – әлеуметтік маңызды жобалар; 7 – әлеуметтік мәдени шаралар;
- 8 – әлеуметтік-педагогикалық тренинг; 9 – жаттығулар.

1. Афоризмдермен өз бетінше жұмыс жасау

Афоризм – бұл нақты, ерекше, ықшам және сыйымды шағын мазмұндау, аяқталған ой.

Афоризмдермен жұмыс жасау әдістері:

1. Топта адамгершілік (мораль және т.с.с.) туралы белгілі ойшылдардың және қазіргі заманғы барлық ойларды талқыға салыңдар.

2. Өздеріңе анағұрлым ұнаған үшеуін (афоризмдердің санына байланысты одан да көп болуы мүмкін) таңдап алыңдар және өз таңдауларыңды түсіндіріңдер.

3. Өздерің келіспейтін немесе келісу қиындау болатын ойларды таңдап, жасаған таңдауларыңа пікірлеріңді білдіріңдер.

4. Қандай ой-пікір анағұрлым көп талас тудырды? Қалай ойлайсыңдар, неліктен?

5. Афоризмнің әр түрлі сөздеріне логикалық екпін бере айтып көріңдер.

6. Афоризмдерді әр түрлі көңіл-күймен (мұңайған, көңілді, шабытпен...) айтып көріңдер.

2. Дебаттар

Дебаттар (франц. Debates) «қандай да бір жиында, отырыстарда пікір алмасу» ретінде анықталады.

Дебаттардың негізінде – ұсынылған тақырыптық тезис бойынша ойды еркін айту, пікір алмасу. Әлеуметтік-адамгершілік мәселе бойынша дебаттар өткізу алдын ала үлкен дайындықты қажет етеді:

- материалдарды басып шығару;
- қатысушыларға дебаттарды ұйымдастыру мен өткізу ережелерін таныстыру;
- дебаттардың бастапқы тезистерін анықтау;
- ұйымдастырушыларжәне қатысушылармен тікелей жұмыс жасау, рольдерді және тапсырмаларды беру;
- дебаттарды өткізу туралы жеке нұсқау жасау.

Одан өзге, дебаттар үшін бірнеше тезистер дайындау қажет. **Тезис** – бұл баяндаманың, сөйленген сөздің және т.б. негізгі ойларының бірін, қандай да бір идеяны қысқаша баяндайтын негізгі ой.

Дебат қатысушыларына тезис антитезиске сұранып тұратын болжамды түрде болуы тиіс екенін түсіндіру маңызды.

Дебаттарды жүргізу реті (рәсімі)

Дебаттарды Төраға ұйымдастырады және өткізеді. Ол қызығушылық танытатын тұлға болғандықтан дискуссияның өзіне қатыса алмайды.

Төрағаға Хатшы көмектеседі, ол ораторларға сөйлеуге берілген уақыт туралы ақпарат беріп отырады, сонымен бірге дебаттардың құжаттарын жүргізеді.

Дебаттардың алдында қатысушылар келесі ретпен орналасып отырады:

Төрағаның оң жағында – тезисті жақтаушылар (4 адам);

Төрағаның сол жағында – тезиске қарсылар (4 адам);

Залдың соңында қарсыда – белгілі бір пікірлері жоқ қатысушылар («анықталмағандар» деп аталатындар).

Әрбір сөйлеуші шешен өз сөзін дебат жүргізушісіне арнап «Төраға мырза...» деп бастауы керек. Дебаттардың қатысушылары бір-біріне «Мырза (Ханым)» деп сөйлеседі.

Дебаттарда тезисті жақтаушылар мен қарсыластары кезекпен сөйлейді. Ең алдымен тезисті жақтаушы сөйлейді және оны дамытады. Одан кейін оппозициядан басты шешен антитезис құрап, оны қорғап сөйлейді

Одан ары рольдер келесідей бөлінеді:

Екінші нөмірлер өз тезистерінің пайдасына аргументтер келтіре кезекпен сөйлейді;

Үшінші нөмірлер қарсыластарының аргументтерін теріске шығарады;

Төртінші нөмірлер дебаттардың барысында екі жақтан да айтылғандарды қорытындылай сөйлейді. Ең соңында антитезисті жақтаушы команданың төртінші нөмірі сөйлейді.

3. Әлеуметтік-педагогикалық ойындар

Ойын шынайы іс-әрекеттерге (еңбек, танымдық, коммуникативтік және т.б.) ұқсас жағдайда өтеді және арнайы жасалған жағдайларда әлеуметтік қатынастарды, қоғамдық-пайдалы жүріс-тұрыс нормаларын игеруге бағытталады.

4. Коллаж

Коллаж (франц. Collage – жапсыру) жаңа иллюстрацияларды жасаудың әдісі ретінде безендірудің классикалық түріне жатады. Коллаж жасай отырып, сонымен бірге дамытушы және тәрбиелік міндеттер орындалады:

Дамытушы:

- көркемдеу-безендіруші қабілеттерді дамыту;
- қиялдау, қиял-ғажайып, эмоциялар, сезімдерді дамыту;
- шығармашылық ойлауды дамыту;
- ерекше ойлар мен дизайнерлік шешімдерді жасау;
- коммуникативтік қабілеттерді дамыту.

Тәрбиелік:

- авторлық қабілеттерді қалыптастыру;
- жеке және ұжымдық (топтық) жұмыс, серіктестікті дамыту;
- жеке қабілеттердің ашылуына жағдай жасау;
- жеке және топтық белсенділікті, бастамаларды дамыту;
- оқу ұжымында жағымды шығармашылық және моралді-психикалық ахуал қалыптастыру.

Әлеуметтік-маңызды коллажбен жұмыс жасаудың әдістері мен кезеңдері

1. Шағын топтар құру (5 адамнан көп емес)
2. Тапсырма беру: «... тақырыбында суреттер мен жазулар табыңдар және «Біздің топ» немесе «Бетпе-бет» және т.б. коллаж жасаңдар».

Қатысушылар 2 топқа бөлінеді. Бір топ үндеместен бақылайды. Екінші топ ойнайды. Қарама-қарсы екі қабырғаға «+» және «-» белгілері ілінеді, яғни «келісемін» және «келіспеймін».

Екінші топтың қатысушылары ұсынылған тезиспен танысқаннан кейін, көзқарас таңдауына байланысты өз пікірін білдіру үшін екі қабырғаның біріне жақындайды. Содан кейін әр түрлі көзқарастардың аргументациясы басталады.

Бірінші топ қатысушыларына белгілі бір топқа қосылып, өз таңдауларын жасауды ұсынуға болады.

Рольдік ойындар

1. «Ерекше жағдайлар»

Ойын барысында 5 адам таңдап алынады – маңызды шенеуніктер, олар қатысушылардың жол картасына қол қоюға құқысы жоқ. Ойыншының міндеті – кез келген жолдармен қол қойғызу.

2. «Рұқсат етілген тыйым»

Топқа бөлінген ойыншылар ойын барысында үнемі бұзылатын 5-6 тыйымды табады. Содан кейін барлық табылған тыйымдардың бұзылу себептері анықталады.

3. «Президент командасы»

Ойын барысында жеребе тастау арқылы компания президенті болатын 5-6 бала таңдап алынады. Олар 20 минут ішінде өзінің командасына көмекші болатын адамдарды жинауы керек. Командада әрқайсы бірінші, екінші, үшінші т.с. көмекші міндеттерін орындайтын 7 адам болуы тиіс. Бірінші көмекшінің еңбекақысы 70 мың көлемінде болса, екінші көмекшіге 60 мың төленеді, үшінші 50 мың алса, ары қарай осылайша кему ретімен жалғаса береді. Әріп президентке көмекшілердің дәрежесі көрсетілген қағаздар беріледі. 30 минуттық жұмыстан кейін әрбір президент өз командасын көрсетеді және өз таңдауларын негіздейді: «бірінші көмекшіге мен Саматты тағайындадым, себебі... екінші көмекшім Ермек Өсербаев, өйткені ол... және т.б.» тәрбиеленушілердің іскерлік қасиеттерін бағалау, сыналұшыларға белгілі бір тапсырмаларды қолдану мамандарды таңдау мәдениетін көрсетеді. Мамандарды «ол маған ұнайды, ол маған уәде берді...» деген себептермен таңдау жемқорлық іс-әрекеттерге бейімділікті көрсетеді деп есептеледі. Көңіл аударатын жағдай, бала кезде жасалған іс-әрекет моделі болашақта оңай өзгеріске ұшырамайды. Дәл осы жас кезеңінде айналадағы адамдармен өзара әрекеттесудің негізгі әдістері қалыптасады. Талдау барысында жеке қарым-қатынастар мен берген уәделердің негізінде көмекшілерді таңдау жағдайларының әрқайсын мұқит талқыға салу қажет. Сонымен қатар, оқушыларға жеке тәжірибеден, ата-аналарының әңгімелерінен белгілі жеке қарым-қатынастар мен жемқорлықтың негізінде мамандарды таңдау жағдайларын да талқыға салу керек. Педагогтың міндеті оқушыларға ондай тәжірибенің мықтылығын көрсету. Бұл жерде педагогтың өзінің жемқорлықпен күресу керектігіне толық сенімді болуы аса маңызды болмақ.

4. «Өткізу пункті»

Ойын барысында өткізу пунктінің 6-7 басшысы таңдалады, оларға белгілі бір жерге кімді болса да өткізуге тыйым алынады. Басқалардың міндеті – өтуге рұқсат алу. Бақылаушыларға күш қолдануға тыйым салынады.

Case-study әдістері

1. «Сүйіктілер»

8 «Б» сыныбының оқушылары қоғамтану сабағына жазба жұмысын орындамай келді. Мұғалім жазба жұмысын орындамай келгендерге «екілік» баға қойылатынын ескерткен болатын. Алайда, оқушылар екінші дүниежүзілік соғыстың жеңіс күніне орай мектепішілік концерт дайындап, педагог түсіністік танытады деп ойлап келді. Сабақта мұғалім дәптерлерді жинап алды да, бүкіл сыныпқа «екі» деген бағаны қойып шықты, бірақ оның ішінде Айсұлу Төкенова мен Гүлден Баймақановаға қойған жоқ. Бұл қыз балалар тек «бестік» бағаға

оқитын.

«Екілік» қоймау себебін мұғалім қыздардың концертті жүргізгендігін, олар іс-шараны дайындаумен қолдары босамай қатысып жүргендігін алға тартып, түсіндіруге тырысты. Сыныптастары қыздарға қарсылық жариялады. Айсұлу мен Гүлден өкпелеп, өздерін 8 «А» сыныбына ауыстыруды сұрады.

Мұғалімнің, қыздардың, сыныптастардың іс-әрекеттерін талдаңдар. Олардың орнында болсаңдар сендер қалай әрекет етер едіңдер? Неліктен дәл солай екенін түсіндіріңдер.

2. «Достық па, әлде тәртіп пе»

Тарих сабағында мұғалім қорытынды бақылау жұмысын алуды жоспарлады. Алайда, балалар мұғалім алдын ала ескертуі керек деп талап етті. Педагог әрбір баладан мұның айтылған, айтылмағандығын сұрауға кірісті. Меруерт деген қыздан басқа балалардың барлығы да мұғалім тапсырма беруге ұмытып кеткендігін айтып шықты. Тек бір ғана Меруерт тікелей қойылған сұраққа өтірік жауап бере алмады. Мұғалім Меруерттен басқа балалардың барлығына бақылау жұмысы үшін «екі» қойып шықты, ол тоқсандық қорытынды бағаның төмендеуіне әкелді. Балалар Меруертпен сөйлеспей қойды. Ата-аналар директорға келіп болған жағдайды айтып берді және мәселенің мән-жайын анықтауды талап етті. Директор ата-аналар мен оқушылардың жағын қолдады.

Мұғалімнің, директордың, қыздың, сыныптастардың, ата-аналардың әрекеттерін талдаңдар. Өздерің мұғалімнің, директордың, ата-аналардың, сыныптастардың орнында болсаңдар қалай әрекет ететін едіңдер? Неге дәл солай екендігін түсіндіріңдер.

3. «Болмайды, бірақ мен өте қатты қалаймын»

Арман мектепке кешігіп келе жатты. Жол қиылысындағы бағдаршамда жаяу жүргіншіге «қызыл» түс жанып тұрды, жолда көліктер көрінбеді. Арман жолдан жүгіріп өтіп, сабаққа үлгеріп келді. Алайда Арманның сынып жетекшісі оның әрекетін көріп тұрғанды және сынып сағатында ұл баланың жол ережесін бұзуын талқыға салды. Балалардың көбісі мектепке үлгеру үшін жолдан жүгіріп өткен Арманның шешіміне келісті. Мұғалім егер Арманды ЖКИ көрген болса, оған ескерту беретіндігін айтып берді. Егер Арман жол ережесін екінші рет бұзған болса, оған айыппұл салынады. Айыппұлды оның ата-анасы төлейтін еді.

Мұғалімнің, Арманның, сыныптастардың іс-әрекеттеріне талдау жасаңдар. Өз ой-пікірлеріңді түсіндіріңдер.

Сенімді жүріс-тұрыс ережелері

Егер бізден ешкімге міндетті емес нәрсені жасауды сұрайтын болса, немесе тыйым салынған, қабылданбаған, біздің пікіріміз бойынша орындау мүмкін емес нәрсені талап ететін болса одан бас тартуды заң нормалары немесе жүріс-тұрыс нормалары негізінде жүзеге асырылады. Дәл осы ерекшеліктерге байланысты ресми бас тарту, бәлкім оның ең қарапайым түрі болар.

Нұсқаулық:

1-қадам: Ішкі сенімділік

- Бұл – өзіне-өзі сенімді болудың сөзсіз алғы шарты (бас тарту – өз-өзіне сенімділіктің бір түрі бола алады ғой).

- Ең болмаса, Сіз өзіңіз үшін дәл осы сәтте ұсыныстан немесе талаптан бас тартуыңызға әбден сенімді екеніңіз айқын болуы керек. Алдымен өзіңізге: «Жоқ, мен мұны жасамаймын, қазір барып осыны айтамын» деу керек.

2-қадам: «Жоқ» деп айтыңыз

- «МЕН» есімдігін қолданыңыз: «МАҒАН бұл жарамайды»; «МАҒАН бұл ұнамайды»; «МАҒАН бұл керек емес»; «Бұл МЕНІ қызықтырмайды»; «МЕН мұны жасамаймын»

- Неліктен дәл осылай екенін себебін ҚЫСҚАША және НАҚТЫ түсіндіріңіз, бас тарту себебіңізді қысқаша негіздеп беріңіз.

3-қадам: Серіктестердің өршітуші сөздерін тыңдау үшін тыныс алу

- Сіз тыныс алып (яғни - үндемеу) серіктесті сабырмен ол сөйлеп болғанша тыңдайсыз. (Серіктестің сөзін бөлу – тек әңгімені созуға және адамды ызаландыруға себеп болады).

4–6 қадамдар: Қайталаулар

- Әңгімелесушіге оны тыңдап отырғаныңызды көрсетіңіз («Мен Сізді мұқият тыңдап отырмын және түсінгенім ...»; «Бұл мен үшін жаңа ақпарат...») және бірінші қадамға келесіз – «БІРАҚ МЕН МҰНЫ ЖАСАМАЙМЫН, СЕБЕБІ...»

- Сіз ең аз дегенде 3 рет бас тартуды қайталауыңыз керек. Егер сіз бұған дайын болмасаңыз, онда бастап керегі жоқ. Қарсылықтың орта есеппен тиімділігі 4 «дубль» болады.

1-қадамның түсіндірмесі:

Егер Сіздің ішіңізде сенімділік болмаса, егер Сіз өзіңіз үшін бас тарту дұрыс деп шешпесеңіз, онда серіктесіңіз оны сезуі мүмкін және Сіз: «бәлсініп тұр», «бағасын арттырып отыр», «қосымша пайда тапқысы келеді» деп ойлауы мүмкін, және өз айтқанын орындатуға тырысады. Тіпті ол өз дегеніне қол жеткізсе де, ол Сізге өкпелейді, «оны бұйдалап жетектеп келеді» т.б. деп ойлады. Яғни – іштей сенімділік болмай, бас тарту қолдан келмейді немесе толыққанды бола алмайды.

2-қадамның түсіндірмесі:

А) Айқын түсіндірілмеген, екіжақты және т.б. сөздерден гөрі «Мен» есімдігін қолдану – сенімді жүріс-тұрыстың негізгі сипаттарының бірі. Оған

назар аударыңыз! Егер Сіз өзіңізді атамасаңыз, онда оны сенімсіздік ретінде ұғынады.

Б) Қысқаша және нақты негіздеу – сенімділіктің белгісі. Агрессивті бас тартуда мүлдем негіздеу болмайды, сенімсіз адамдар негіздеуден бастайды, оған шырмалып, соңында «ЖОҚ» деген сөзді айтуға мүлдем ұмытып кетеді. («Онсыз да бәрі түсінікті емес пе! – мәселе сонда, түсініксіз!») сонымен: алдымен бас тарту, содан кейін – қысқаша және нақты негіздеу.

3-қадамның түсіндірмесі:

Бірінші реттен ешқандай адам түсіне кетпейді. Бұл заңдылық. Айқындалмаған жағдайлар қалып қояды, оларды серіктестің шешкісі келуі мүмкін. Тікелей немесе кездейсоқ Сіздің серіктесіңіз екі стратегияның бірін таңдауы мүмкін:

- Сенімсіздікпен бопсалау: «Бірақ менің бұған жалғыз шамам келмейді ғой», «Сенсіз ештеңе шықпайды ғой» және т.б.

- Агрессивтілікпен бопсалау: «Солай ма!.. Онда біз саған...», «Сіз өз мүмкіндігіңізді жіберіп аласыз...» (Жасырын қорқыту) және т.б.

Бопсалауға назар аударуға болмайды. Оларды күту және тыңдау керек. Бопсалаулар бірін-бірі алмастырып, қайталанады. Қарсылық білдірмеңіз! Сұрақтар қоймаңыз! Дискуссияға түспеңіз!

Үгіт бригадасы – терең мазмұн мен айшықты көркем де айқын, эмоционалды түрлерінің негізгі байланыстарын қамтамасыз ететін саяси және адамгершілік тәрбиенің анағұрлым тиімді формаларының бірі.

Көпшілік алдында сөйлеу оқушыларды қоғамдық-саяси тәжірибедегі психологиялық дайындығын қалыптастырады, сенімділік сезімін, коммуникативтілікті дамыта түседі.

Үгіт бригадасыны жұмысына қатысу оқушыларда ұйымдастырушылық қабілеттер мен дағдыларды қалыптастырады: идеяны көркем түрде жеткізе білу, оған аргументтер келтіру, тыңдаушыларға эмоционалды әсер ету, оларды сендіру.

Үгіт бригадасының ережелері:

1. Басқаларды сендіру үшін өзің сенімді болуың керек! Өзіңнің саяси біліміңді тереңдет, әлемде не болып жатқанын анықтауға тырыс, өз пікіріңе табанды бол!

2. Сенің борышың – адамдарға идеяны жеткізу. Сенің міндетің адамдардың көздері жанып тұруы керек. Сенің мақсатың – қызықтыру, толғандыру, басқаларды сендіру.

3. Өзіңе талапшыл бол – үгіт бригадасының мүшесі болуға құқығың бар екенін бар ойыңмен, бүкіл әрекетіңмен көрсет.

Үгіт бригадасының іс-әрекеті оқу мекемесінің шеңберінде қалып қоймауы маңызды. Оның көпшілік алдында сөйлеуі тек өз ұжымында ғана емес, сонымен бірге басқа білім беру ұйымдарында да сәтті шығуы мүмкін.

Үгіт бригадасының іс-әрекет аясын кеңейту оның қоғамдық мәнін арттырады, азаматтық қалыптасу процесін және тәрбиеленушілердің ұйымдастырушылық қабілеттерінің қалыптасуын жылдамдатады.

«Әлеуметтік батылдық» әдістемесі

Берілген жауап нұсқаларының бірін таңдау керек:

1. Адамдармен қарым-қатынаста мен:
 - а) әңгімеге дайындықпен келемін;
 - б) орташа жағдай;
 - в) тыныш қана бейтарап қалуды жөн көремін.
2. Егер маған бір топ адам назар аударса, өзімді ыңғайсыз сезінемін:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
3. Мен адамдардың ортасында болуды ұнатамын, мысалы: қонақта, биде, қандай да бір ұжымдық кездесуде:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
4. Мен әдетте өзімнен жасы, тәжірибесі, дәрежесі жоғары адамдардың алдында үндемеуді жөн көремін:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
5. Маған шаршы топ алдында сөйлеу немесе көркемдеп оқу қиын:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
6. Мен көпшілік алдында сөйлегеннен толқу сезімін бастан кешіремін:
 - а) жиі;
 - б) кейде;
 - в) ешқашан деп айтуға болады.
7. Көпшілік ішінде басқалардың сөйлеуіне мүмкіндік беріп, үндемеуді жөн көремін:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
8. Мен әр түрлі қоғамдық іс-шараларда адамдармен тез тіл табысамын:
 - а) дұрыс;
 - б) сенімді емеспін;
 - в) дұрыс емес.
9. Аздаған дипломатия және адамдарды бір нәрсені жасауға көндіру керек болғанда әдетте маған қолқа салады:
 - а) дұрыс;
 - б) сенімді емеспін;
 - в) дұрыс емес.
10. Мен өзімді ашық, көпшіл адаммын деп есептеймін:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
11. Қарым-қатынаста:
 - а) өз сезімдерімді еркін көрсетемін;
 - б) орташа жағдай;
 - в) сезімдерімді «ішімде ұстаймын».
12. Мен жұмыс істеп жатқанда маған біреудің қарап тұрғанын жақтырмаймын:
 - а) иә;
 - б) орташа жағдай;
 - в) жоқ.
13. Мен ылғи қолы босамайтын, күш-жігері көп адаммын:
 - а) иә;
 - б) сенімді емеспін;
 - в) жоқ.

Сауалнама нәтижелерін өңдеу: «а» және «в» жауаптары үшін 2 ұпайдан, «б» жауабына 1 ұпай беріледі.

1, 2, 4, 6, 8, 10, 12, 13 пункттері бойынша «иә» жауабы және 7, 9, 11 пункттері бойынша «жоқ» деген жауап есептеледі. Жалпы ұпай саны есептеледі.

Тұжырым: неғұрлым ұпай саны көп болса, соғұрлым әлеуметтік батылдық айқын көрініс береді.

Іс-тәжірибеден: жемқорлыққа қарсы бағыттағы іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері

Тақырып: «Жастар жемқорлыққа қарсы» атты зияткерлік сайыс *(жоғары сыныпқа арналған)*

Мақсаты: оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «сыбайлас жемқорлық, парақорлық» сөздерінің мағынасын түсіндіру.

Міндеттері:

- оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру;
- өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
- өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарауға және әділдікке тәрбиелеу.

Мақсатты топтары: 9-11 сынып оқушылары, ата-аналар, аймақтың әртүрлі салада жетістікке жеткен белгілі адамдары, саясаттанушылар, тарихшылар, жергілікті атқару органдарының өкілдері.

Құрал-жабдықтар: слайд, қанатты сөздер, маркерлер, А3 қағазы, қазақстандық ғұламалардың ақылды ойлары, кітап көрмесі, сурет көрмесі. Тақырыптық деректі бейнефильмдер.

Музыкалық жабдықтау: әр кезеңнің арасында қазақстандық патриоттық әндер орындалады.

Жүргізу барысы

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар, ұстаздар және оқушылар! «Жастар жемқорлыққа қарсы» атты өткізгелі отырған зияткерлік ойынымызға қош келдіңіздер.

Сыбайлас жемқорлық деген не?

«Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моралдік нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздік тәртіпті білдіреді.

Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да дөп басып «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Елбасымыз қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол - Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білеміз.

Сонымен қатар, бүгінгі шарамызға қонақтар келіп отыр. Олай болса ортаға жоғарыдағы ойды толықтырып кететін, заң өкілдерін шақырамыз. *(өкілдерге сөз беріледі).*

Ал, енді бүгінгі «Жастар жемқорлыққа қарсы» атты зияткерлік сайысқа қатысушыларды ортаға шақыралық. Ортаға «Сұңқар» тобы, «Адалдық» тобы және «Болашақ» тобын қол соғып қарсы алайық!

Ойын барысы:

Жүргізуші: бүгінгі ойын мақсаты оқушыларға адам құқықтары, «жемқорлық» туралы түсініктерін кеңейту; өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Ойын сайыс түрінде өтетін болғандықтан топпен жұмыс істей отырып, сіздерді өзгенің пікірін құрметтеуге, ұйымшылдыққа шақырамын.

– Ойынды бастамас бұрын әділқазылар алқасымен таныстырып өтсек.

(әділқазылар алқасымен таныстыру)

Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие, тәлім табар мән.

Бұл бәйге ойдың бәйгесі

Кім жүйрік ойға, сол алда, - дегендей, бүгінгі зияткерлік ойынымыз жоғарғы оқушылар арасында өткелі отыр. Әр топ бір топты құрайды. Ендеше ойынның бөлімдерімен таныс болыңыздар.

I кезең «Таныстыру»

II кезең «Өз пікірім»

III кезең «Менің құқығым»

IV кезең «Ғажайып алаң»

V кезең «Шеберлік»

VI кезең «Ситуациялық жағдай»

Енді ойынымыздың I-ші айналымын бастаймыз.

I кезең «Таныстыру».

Бұл айналымда әр топ өздерін, ұран, эмблемамен таныстырады.

II кезең «Өз пікірім».

Бейнеролик. Бұл кезеңде топтарға бейнеролик ұсынылады, пікірлері тыңдалады. Ұтымды жауапқа қарай бағаланады.

III кезең «Менің құқығым».

Бұл кезеңде әр топ кезек – кезекпен ұяшықтарды таңдап, сұрақтарға жауап береді. Әр сұрақ ұпаймен бағаланады.

1. Біз неге құқылымыз?

Мемлекет шығарған немесе бекіткен тәртіп ережелерінің жиынтығы.

2. Бала болып кімдер саналады?

18 жасқа толмағандар бала болып саналады.

3. Құқық немен қорғалады?

Заңмен қорғалады.

4. Адам құқығының қорғалуы қай елде бастау алған?

1789 жылы. Францияда

5. Қазақстан бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі туралы ақпаратты қандай телефон номеріне сеніп тапсыра аламыз ?

1424

6. Құқық туралы заңдарды қандай орган шығарады?

Парламент

7. Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күн?

9 желтоқсан

8. Адам құқығы жат елдерде жүрсе қалай қорғалады?

Әр адамның құқығы қайда жүрсе де заңмен қорғалады

10. Қоғам деген не?

Саналы адамдардың бір мүддені, бір мақсатты орындау үшін саналы түрде бірігуі

11. Адам құқықтары мен бостандықтары туралы Декларацияны қандай ұйым қабылдады?

Біріккен Ұлттар Ұйымы

12. Адам құқығы қандай жағдайда бұзылады?

Соғысып жатқан елдерде

13. Қазақстан БҰҰ-на қашан мүше болды?

2 наурыз 1992 жылы

14. Адам құқығын кімдер қорғайды?

Қауіпсіздік қызметкерлері

15. БҰҰ-ның мақсаты не?

Әлемде бейбітшілікті сақтау, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау)

IV кезең «Ғажайып алаң». Ұяшықтар астында жемқорлық туралы бейне сұрақтар, мақал-мәтелдер жасырылған, сол мақалдардың жартысы оқылады жалғасын табу керекпіз. Бұл жерде әр топ кезек-кезекпен ұяшықтарды таңдап, сұрақтарға жауап береді. Әр сұрақ ұпаймен бағаланып қоржындарына түседі.

1. Пайда да бір, (аққан су да бір)

2. Адамның ұяты бетінде, (адамгершілігі ниетінде)

3. Пайда көздеген – (жалғанның құлы)

4. Телміріп алған теңгеден, (тер төгіп тапқан теңге жұғымды)
5. Білегіңе сенбе, (біліміңе сен)
6. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)
7. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)
8. Жазасын тартпайтын ... (жамандық жоқ)
9. Тәрбие ... (отбасынан басталады)
10. Әділ істің... (арты игі)
11. Қолыңмен істегенді ... (мойныңмен көтер)
12. Заңды сыйлаған ... (еркін жүреді).

Әділқазылар әр айналымның қорытындысын шығарып отырады.

V кезең. «Шеберлік». үйге берілген жемқорлық туралы тапсырма бойынша көрініс көрсету қажет.

VI кезең. «Ситуациялық жағдай».

1 топтың тапсырмасы: Дүкенге баруға сыныптастар Бекзат пен Санжарда ақша жетпейді. Сонымен олар ақылдаса келе, сыныптастары Айбекті қорқытып, ақшасын тартып алуға бел буады. Сол мезет алдарынан шыққан Айбекті олар бас салып, ақша тауып беруін талап етеді. Алғашқыда ойын екен деп ойлаған ол ақшасының жоқ екендігін айтса да, соңынан бұл істің қалжың емес екендігін ұғып, қалтасындағы бар ақшасын бере салады. Аман-есен құтылғанына қуанған ол анасына айтатындығын ескертеді. Бекзат пен Санжар егер бұл істі біреуге айтсаң, онда жақсылық болмайтындығын Айбекке жақсылап ұғындырады.

Сұрақтар: 1. Осы көріністе баланың қандай құқығы шектелген?

2. Бекзат пен Санжар қандай қылмыс жасады?

3. Олардың қылмыс жасауына не себеп болды?

2 топтың тапсырмасы: 11 сыныпта оқитын Айдар ата-анасына мектепті бітіргеннен кейін дәрігер мамандығына түскісі келетінін айтады. Бірақ та Айдардың бұл таңдауына ата-анасы қарсы болады. Ата-анасы қазіргі таңда үлкен пайдасын әкелетін мұнай кәсібін таңдағанын жөн санайды. Ал, Айдардың бар ойлағаны, өзінше бір жасаған шешімі құмға сіңген судай жоқ болды да кетті. Үнемі ата-анасының айтқанын дұрыс санап, соны басты назарға алатын Айдар тағы да ата-анасымен келісуге мәжбүр болды.

Сұрақтар: 1. Айдардың ата-анасының іс-әрекетін қалай бағалайсыз?

2. Осы жерде баланың қандай құқығы шектеліп тұр?

3. Айдардың ата-анасының шешімімен келісуі дұрыс па?

3 топтың тапсырмасы: Азаматша Айжан өзінің терезесінен бірнеше күн бойына екі жасөспірімді қадағалады. Екі жасөспірім көрші қабаттағы үйде тұрады. Жомарт пен Төлеуғазы бірнеше күн қатарынан азамат Мержановтың машинасын түртіп айналып қарап жүрді. Бір күні таңертең Мержанов есігінің алдына шықса машинасының екі доңғалағы жоқ екен. Бұны естіген Айжан есіктің алдына шығып: «Сенің машинаңның доңғалағын ұрлаған Жомарт пен

Төлеуғазы. Өйткені олар сенің машинаңды бірнеше күн бойы айналшақтап жүрген», - деді.

- Сұрақтар:**
1. Азаматша Айжан дұрыс жасады ма?
 2. Мұндай жағдайда Айжан не істеуі керек еді?
 3. Айжан біреуге жала жапқан сөзі үшін жауап бере ме?

Қорытынды:

Құрметті бүгінгі «Жастар жемқорлыққа қарсы» атты зияткерлік сайысымыз өз мәресіне жетті. Енді ортаға әділқазы алқасын шақыралық.

(Әділқазы алқасының марапаты)

Бүгінгі сайысқа өте жақсы қатысқандарыңыз үшін қатысушыларға, қонақтарға көп рахмет айта отырып, Елімізде жемқорлыққа жол болмасын, берекелі, мерекелі күндер көп болсын деген тілекпен ойынымызды аяқтаймыз.

**Іс-тәжірибеден: жемқорлыққа қарсы бағыттағы
іс-шаралардың әдістемелік әзірлемелері**

Тақырып: «Жемқорлықсыз қоғам - нұрлы болашақ кепілі» тәрбие сағаты
(жоғары сыныпқа арналған)

Жалпы мақсаты	Оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге, саяси сауаттылыққа баулу; оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге үйрету; оқушыларды патриоттық тәрбиеге баулу	
Күтілетін нәтиже	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Сыбайлас жемқорлық, парақорлық» сөздерінің мағынасын терең түсіндіру; - Ұжымдық жұмыс нәтижесінде ынтымақтастық орта қалаптастыра алады; - Тапсырмалар орындау арқылы сыни ойлау әдістері арқылы тақырыпты терең меңгереді 	
Қолданылатын ресурстар	<ul style="list-style-type: none"> - А4, А1 парағы, стикерлер, маркерлер - Таратпа материалдар (<i>жазбалар, суреттер</i>) - Power point таныстырылымы - Бейнеролик 	
Тапсырмалар	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Қызығушылықты ояту «<i>Бір айналым сөйлесу</i>» әдісі, ✓ Ой-толғаныс «<i>Кинометафора</i>» әдісі, ✓ Мағынаны тану «<i>Фишбоун</i>» әдісі, «<i>Құндылық ағашын отырғызу</i>», «<i>Шағын қойылым</i>» ✓ Сергіту сәті «<i>Заряд алу</i>» әдісі ✓ Қорытынды «<i>Kahoot</i>» әдісі ✓ Рефлексия 	
Формасы	Тәрбие сағаты	
Психологиялық ахуал туғызу Топқа бөлу 3 минут	Сәлемдесу сәті. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру. Адам бойында кездесетін асыл қасиеттер: <i>ең шыншыл, ең мейірімді, ең білімді, ең ақылды.</i> I топ – Әділ, шыншылдар II топ – Заңгерлер III топ – Білімділер	Бағалау

<p>Қызығушылықты ояту «Ой шақыру» стратегиясы 5 минут</p>	<p>1. Миға шабуыл. Қалай ойлайсыздар, неліктен осы атаулармен топқа біріктік. Аталған асыл қасиеттердің өмірімізде алатын орны қандай?</p> <p>2. «Бір айналым сөйлесу» әдісі. (әр түсті лента арқылы) Топтар үйге алдын ала берілген тапсырма негізінде әр топ келісе отырып, сұрақтар қояды (1-2, 2-3, 3-1 топтарға)</p> <p>Сыбайлас жемқорлықтың туындау себебі неде деп ойлайсыз? Сіздің сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарасыңыз? Пара алу не болмаса беруге қандай жаза түрлері тағайындалған? Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың қандай шараларын неғұрлым тиімді деп санайсыз?</p>	<p>Қолдау көрсету</p> <p>Әр топтың қорғау жұмысынан кейін кері байланыс: «Фонтан» әдісі</p>
<p>III. Мағынаны тану. Тапсырманы игеруге 10 мин Постер қорғауға 10 минут</p>	<p>1. «Кинометафора» әдісі. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бейнеролик көрсетіледі. Көрсетілген бейнеролик бойынша топтардың пікірін тыңдау</p> <p>2. Сыбайлас жемқорлық бойынша теориялық мәліметтер, тапсырмалар таратылады.</p> <p>Топтық тапсырма.</p> <p>I топ Сыбайлас жемқорлық: теориялық негіздері, даму тарихы және түрлері <i>Қорғау әдісі: «Фишбоун» әдісі</i></p> <p>II топ Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу <i>Қорғау әдісі: Құндылық ағашын отырғызу</i></p> <p>III топ «Сыбайлас жемқорлық: оның қоғамға кері әсері» <i>Қорғау әдісі: Шағын қойылым</i></p>	<p>Қолдау көрсету, жұмысқа шақыру</p> <p>Әр топтың қорғау жұмысынан кейін кері байланыс: «бір сөзбен»</p>
<p>«Заряд алу» (4 мин)</p>	<p>Сергіту сәті «Атамекен» әні</p>	<p>Қолдау көрсету</p>
<p>IV. Ой толғаныс (5 мин) Пікіралмасу</p>	<p><i>«Kahoot» әдісі (ойын бағдарламасы)</i> <i>Мұнда жаңа тақырып бойынша сұрақтар беріледі. Қолдарындағы ұялы байланыс</i></p>	<p>Қолдау көрсету, эмоциялық тербеніс</p>

ұйымдастыру	<i>құралдарын пайдаланып сұрақ жауаптарының дұрыс немесе бұрыс екендігіне көз жеткізеді</i>	сыйлау
Ү. Рефлексия (3 мин)	«Раундробин» әдісі Білім алушылар бүгінгі өтілген тақырып бойынша парақтарына өз ойлары мен идеяларын белгілі бір уақыт аумағында жазып, уақыт аяқталған соң қасындағы көршілеріне парағын береді. Көршілері алдыңғы жолдасының жазғанымен танысып, ары қарай жалғастырады	Қолдау көрсету
Мұғалімнің қорытынды сөзі	Елбасы Жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартыласың» дейтін нақты ереже бар. Олай болмаған күнде біз кеңестік кездегі «заң қалай бұрсаң, солай бұралатын тәртенің» керін қайталайтын боламыз», - деп атап көрсеткен. Олай болса, осы індеттің дендеп, ертеңгі өмірлеріне зиянын тигізбес үшін біріксідей жұмылып алдын алуға өз үлестеріңді қосатындықтарына кәміл сенемін.	